

14-15 қыркүйекте Тәжікстанда Орталық Азия мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуі және Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысы өтеді.

(Дереккөз: ortcom.kz).



НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ӨСІМІ

Алматы қаласында да тіркелді

6

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
Ерболат ДОСАЕВ
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездеседі.
Кезекті басқосу 2023 жылдың 14 қыркүйегінде, сағат 9.00-де «Жетісу-2», 8 В мекенжайында орналасқан №141 жалпы білім беретін мектепте өтеді.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №109 (6402) 14 қыркүйек, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕС

қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс



ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

2023 ЖЫЛҒЫ 12 ҚЫРКҮЙЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында отандық бизнес өкілдерімен кездесу өткізді.

Президент өз сөзінде Қазақстан халқына Жолдауында елімізді дамытуға арналған тың тәсілдер ұсынғанына назар аударды. Бизнесің жеке бастамаларына барынша қолдау көрсету қажеттігін қадап айтты. Осы бағытта біраз шаруа атқарылды. Дегенмен, кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де болса бәсең, өз әлеуетіне сай емес деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы серпіліс қажеттігін, ең алдымен, мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс деген бағдар берді. Президенттің айтуынша, мемлекет пен бизнес арасындағы қатынас өзара сенімге негізделуі қажет.

2

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК:

тың идея айтылды, масылдық психология жойыла ма?

Президент кәсіпкерлермен кездесті. Бұдан ақпарат құралдары нейтралды месседждер таратса да, сөз астарын ұғатын сарапшы үшін Мемлекет басшысының қазіргі жағдайға көңілі толмайтыны анық көрініп тұр. Оған себеп те жоқ емес. Соңғы 10 жылда түрлі әлемдік экономикалық кризистермен бетпе-бет келгендіктен Қазақстан «қолдан басқару» үлгісін енгізіп, кәсіпкерлерге субсидиялық көмек, яғни ақшалай қолдау білдіре бастаған болатын. Бірақ қолдауды дұрыс қолдану мен «бер-бер» дейтін масылдық арасы бір қадам болып шықты. Енді бізге отандық кәсіпкерлікті масылдық және репрессивті рельефтен қалай шығару керектігін тез арада шешкен жөн. Ақорда оны түсініп отыр. Ал Үкімет ше?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз экономиканың өсімін кемінде 6-7 пайызға жеткізуіміз керек, – деді.

Бұл ретте Президент мемлекет пен бизнес арасында болатын жаңа «қоғамдық шарт» ұсынып отыр. Қ.Тоқаев-

тың сөзімен айтсақ, мемлекет бизнестің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасайды және жеке меншіктің толық қорғалуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде кәсіпкерлер өздеріне жүктелген міндетті, атап айтқанда, салық төлеу, эконо-

микаға инвестиция құю, жұмыс орындарын ашу, қызметкерлеріне қолайлы еңбек орта қалыптастыру секілді міндеттерді адал орындауы тиіс.

Дәл осы жолда екі өзекті мәселені шешуге тура келеді.

2

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

14.09.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, күннің соңында жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 3-8, күндіз екпіні 13 м/с

15.09.2023

Түнде:



+10+12 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+23 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕС

қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс



Отандық бизнес өкілдерімен кездесу: ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

- Бизнесінің жеке бастамаларына барынша қолдау көрсету қажет. Сапалы серпіліс қажет. Мемлекет пен бизнесінің қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс.
- Мемлекет бизнесінің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасайды және жекеменшіктің толық қорғалуын қамтамасыз етеді.
- Кәсіпкерлер өздеріне жүктелген міндетті, атап айтқанда, салық төлеу, экономикаға инвестиция құю, жұмыс орындарын ашу, қызметкерлеріне қолайлы еңбек орта қалыптастыру секілді міндеттерді адал орындайды.
- Мемлекет пен бизнес арасындағы қатынас өзара сенімге негізделуі қажет.
- Мемлекеттік аппарат әрбір бизнесменге заң бұзушы ретінде қарамауы керек.
- Мемлекет кәсіпкерлерге көмектесуге міндетті. Кәсіпкерлер мемлекеттік аппараттың теңқұқылы серіктесіне айналуға тиіс.
- Ең алдымен, заң үстемдігін және жекеменшіктің қорғалуын қамтамасыз ету қажет.
- Қылмысқа, оның ішінде экономикалық сипаттағы қылмысқа қарсы күрес тек қана заң аясында жүргізілуі керек. Қадағалаудың теңгерімді механизмі қалыптастырылуы қажет.
- Үкімет Жоғарғы Сотпен және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік органдар қызметіндегі теріс әрекеттерге мұқият талдау жасап, оларды жою үшін пәрменді шаралар қабылдауға тиіс.
- Активтерді қайтару кезінде мемлекет пен бизнесінің мүдделері арасындағы теңгерімді сақтау – маңызды басымдық. Бұл экономикамызды сауықтырып, әлеуметтік жікке бөлінушілік пен адамдар арасындағы алшақтықтың алдын алуға тиіс.
- Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметті кәсіпкерлерін металлургия, химия, машина жасау және басқа да салаларда ірі жобаларды жүзеге асыруға атсалысуға шақырды.
- Адал әрі өз еліне пайданды тигізсем деген ниеттегі бизнес әрдайым құрметке лайық және олар мемлекеттің қорғауында болады.
- Экономиканы ынталандыратын әділ салық саясатын жүргізу – маңызды міндет. Салық саясатын жетілдіруге қажет.
- Үкімет жаңа Салық кодексіне салықтан жалтаруға қарсы іс-қимылдың тиімді механизмін қарастыруы керек.
- Салық процедураларын жеңілдетіп, халықпен және бизнеспен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы белсенді салық төлеушілерді көбейту жаңа салық саясатының негізгі мақсаттарының бірі.
- Салық төлеуден жалтарудан, тексеруші органдармен тіл табысып, тәуекелге барудан гөрі салық төлеу тиімді әрі оңай болуы керек.
- Нақты индустрияландыруды қамтамасыз ету – маңызды міндет.
- Мұнай сервисі саласы отандық экономиканы әртараптандырудың және өсімді қамтамасыз етудің негізгі тетігі болуы керек.
- Орта кәсіпкерліктің дамуын жеделдету – тағы бір маңызды міндет.
- Кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыруға бағытталған тапсырманың бірі – мемлекеттік қаржылық қолдаудың ерекше шараларын ұсыну.
- Стандартты салық режимінде жұмыс істейтін бизнес үшін мемлекеттік тендерлерге жеңілдікпен қол жеткізу мәселелерін пысықтау керек.
- Үкімет қолдау шараларына қатысты тетіктерді сапалы түрде жаңғыртуы тиіс.
- «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес пен мемлекет арасындағы тиімді диалогтың негізгі өзегі болуы керек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

● МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК:

тың идея айтылды,
масылдық психология жойыла ма?

(Басы 1-бетте)

№1. МАСЫЛДЫҚ

2015–2021 жылдары Қазақстан өз кәсіпкерлерін қолдауға 7 триллион теңге жұмсаған. Ал сол кезеңде бизнестен 4,5 триллион теңге ғана салық түсті. Бұл – бизнесті теплицаға салып өсіріп отырған адамның тірлігіне ұқсайды. Классикалық жағдайда бизнес салық төлеп, мемлекетке көмектесуі тиіс. Біз кері реверсте отырмыз: бизнес мемлекетке бергеннен гөрі, мемлекет бизнеске көбірек береді.

Экономикалық тұрғыдан алсақ, мұндай жағдайдың өте қауіпті екенін байқаймыз. Қазір тек мұнайдың арқасында ғана отырмыз. Президент «кейде бизнесті кәсіпкерлікпен айналысу үшін емес, мемлекеттік қолдауға ие болу мақсатында құратын жағдайлар кездеседі. Нәтижесінде мемлекеттік қолдау шараларының экономикалық қайтарымы жұмсалған бюджет қаржысының көлеміне сай келмейді», – деп проблеманы нақты айтты. Бәсекеге қабілетті бизнес, нағыз капитализмнен субсидиялық бизнеске ауысып кеткендер аз емес. Онда субсидия біз үшін пайдалы ма, зиян ба деген сұраққа жауап табу керек. Оның шешімі бар ма?

Менің ойымша, бизнесті қолдаудың субсидиялық, қаржылық бағытын 2025 жылға дейін тоқтатып, оның орнына заңнамалық/тарифтік емес протекционистік

рек. Ал кәсіпкерлер шағымданушы немесе қолдауға мұқтаж рөлінде көрінбей, мемлекеттік аппараттың теңқұқылы серіктесіне айналуға тиіс», – деп, қазіргі шындықты ашып айтты.

Бірақ бұл проблеманы сөзбен немесе жолдаумен шеше алмаймыз. Қадағалаушы органдар, онда жұмыс істейтін адамдар тым көп. Көп болғандықтан олардың әр уақытта қолдары қышып тұрады. Сол себепті, 2025 жылға дейін ДЭР деп аталатын Экономикалық тергеу департаментін толық жауып, қызметкерлерін таратып жіберу қажет. Ал Жемқорлыққа қарсы күрес бюросының штатын 40 пайызға қысқартқан жөн. Оның орнына экономикалық судьялар санын арттыру керек. Сол кезде біз экономикадағы «репрессивті режимнен» толық кете аламыз.

«Салық органдары кәсіпкерлерді жаппай сотқа тартып жатыр. Атап айтқанда, келісімдерді жарамсыз деп тану жөнінде талап-арыз көп беріледі. Соттардың жүктемесі едәуір артты. Оларға салықтың дұрыс төленуін тексеру міндеті де жүктелді. Бұған жол беруге болмайды. Жағдайды түзеу үшін шаралар қажет. Жалпы, бізде салық қызметі мейлінше тиімді жұмыс істейді. Үкімет жаңа Салық кодексіне салықтан жалтаруға қарсы іс-қимылдың тиімді механизмін қарастыруы керек», – деді Мемлекет басшысы. Бұл өз кезегінде үлкен проблеманы, атап айтқанда, қазіргі Салық



қолдауға ауысу қажет. Яғни бізде өндірілген тауарға бәсекелес болатын импортты шектеп, контрабандамен күресті күшейтіп, елдегі шетелдік компанияларды тек қана отандық өніммен жұмыс істеуге мәжбүрлеп көрсетіледі. Ал қаржылық қолдау орнына экспортқа жұмыс істейтін кәсіпорындарымызға тегін экспорттық сақтандыру мен біздің экспортты тұтынатын шетелдік компанияларға арзан кредиттер, ішкі нарықта жұмыс істейтін кәсіпорындарымызға тегін банкроттық сақтандыру тетіктерін қарастырып көрген жөн. Сол кезде масылдық психологиясынан біржолата арыла аламыз.

№2. ҚАДАҒАЛАУШЫ ОРГАНДАР АРМИЯСЫ

Қадағалаушы, күштік құрылымдардың психологиясын өзгерту мүмкін болмады. Олар әр кәсіпкерді өзінің статистикасын жақсартатын қылмыскер ретінде санайды. Немесе оны сауын сиыр көретіні рас. Президент «Мемлекеттік аппарат әрбір бизнесменге заң бұзушы ретінде қарамауы керек. Мұндай ұстаным, түптеп келгенде, басқарудың репрессивті сипатына алып келеді. Мемлекет кәсіпкерлерге көмектесуге міндетті. Мұны ерекше атап өткім келеді: кәсіпкерлерге көмектесу к-

кодексінің шикі екендігін және оның тармақтарын салық органдары өз мүддесіне оңай бұрып, кез келген уақытта қосымша салық сала алатынын көрсетеді. Жалпы, еліміздегі салық заңнамасының проблемасын халықаралық аудиторлық компаниялар өз есептерінде анық жазып жүр. Түсініксіз салық режимі ірі инвесторлардың Қазақстанға кіруіне үлкен кедергі деп танылатыны жасырын емес. Басты үмітіміз жаңа Салық кодексіне болған. Бірақ оның алдын ала параметрлеріне қарап, кардиналды ештеңе өзгермегенін көрдік.

Бұл жерде «арба-өгіз» жағдайына тап болып отырмыз. Салық Кодексін түгел өзгертсек, бюджеттік коллапсқа ұшыраймыз. Себебі, 30 жыл бойы осы режимге үйреніп қалған қаржыгерлер, бухгалтерлер армиясының мүлде жаңа механизмді қабылдауы, сонымен жұмыс істеуі үшін кем дегенде 3 жыл керек. Ал бізде ондай уақыт жоқ.

Айбар
ОЛЖАЕВ,
сарапшы.





САРАПТАМА



ҚАП ТАУЫНДАҒЫ ҚАУІП ДАБЫЛЫ: Қазақстанның ұстанымы айқын

Таулы Карабақта тағы бір қауіпті жанжалдың қоңырауы қағылғандай болды. Танылмаған «Таулы Карабақ Республикасы» парламенті президенттің отставкасын қабылдап, кезектен тыс президент сайлауын да өткізіп жіберді. Ресми Баку бұл қадамды Эзербайжан Республикасының конституциясы мен заңдарын, сондай-ақ халықаралық құқықты өрескел бұзу деп бағалады. Бұл ұстараның өткір жүзінде тұрған Таулы Карабақ мәселесін қақтығыс отына қарай сүйрегенмен бірдей болды. Осылайша Қап тауында қақтығыс оты тұтанып кетпей ме деген қауіп қайта көтерілді. Әрі, осы сұрақты қарастырып жатқан уақытта, Эзербайжан мен Армения ортасында қарулы қақтығыстың хабары да жетті.

ТАУЛЫ ҚАРАБАҚТАҒЫ «ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ»

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дейтін тәмсілге жақын бұл оқиға 9 қыркүйекте болды. 1 қыркүйек күні «Таулы Карабақ Республикасының» президенті Арайик Арутюнян парламентке отставкаға кету туралы өтініш берген. Өтініші қабылданып, 9 қыркүйекте өткен кезектен тыс президент сайлауында оның орнына 45 жастағы Самвела Шахраманиян келді. Баку аймаққа өзінің бақылауын орнатып жатқан тұста мұндай жағдайды қабылдасуы белгілі. Әрі, оны өзінің ресми мәлімдемесі арқылы да анық аңғартты. АҚШ пен Еуроодақ та Таулы Карабақтағы сайлауды заңды деп таныған жоқ.

Мәселе ондағы сайлаудың заңды-заңсыздығында да емес, түйткіл тұсы – оның Эзербайжаннан тыс жасалуында. Бұған қоса, аумақтың территориялық меншік құқығына қатысты дау толық шешімін таппай тұрған кезде бұндай әрекет жанжал отына май құйғанмен бірдей еді. Армения тарапы болса бұған дейін Таулы Карабақты Эзербайжанның бір бөлігі ретінде тануға дайын екенін мәлімдеген. Тек онда тұратын армяндардың құқығы мен қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты өз талаптарын ұсынған. Баку мен Ереван нақты келісімге келмесе де қақтығысты болдырмауға деген құлшыныстары қазіргі тыныштыққа кепіл болып тұрған еді. Ортаға ресейлік бітімгершілік күштерін алып, тоңтеріс күйде тұрған Таулы Карабақ жеріндегі бұндай саяси іс-қимыл тыныштықтың нәзік пердесін сырып тастаған сынайлы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПОЗИЦИЯСЫ АШЫҚ ӘРІ АЙҚЫН

Төңірек түгел бүлінген, әлем аласапыран күйде тұрған кезде қай іргемізді болмасын қақтығыстың болуы бізге тиімсіз. Таулы Карабақтағы жаңа жағдайға байланысты Астана өзінің ресми ұстанымын білдірді. ҚР Сыртқы істер министрлігі 12 қыркүйек күні бұл жайында мәлімдеме де жасады. Яғни «Қарабақ төңірегіндегі соңғы оқиғаларға байланысты Қазақстан Республикасы Эзербайжан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығына оның халықаралық деңгейде танылған шекаралары шегінде берік қолдауын тағы да растайды, сондай-ақ барлық мәселелерді БҰҰ Жарғысына және халықаралық құқықтың негізгі қағидаттары мен нормаларына сәйкес саяси-дипломатиялық жолмен реттеуді қолдайды», делінген СІМ мәлімдемесінде.

Эзербайжан жауапкершілігі ауыр қарулы күрес жолын таңдағанымен, 44 күндік соғыс арқылы Таулы Карабақ пен оған шектес бірқатар аудандарды қайтарып алды. Әрі соғысты тоқтату келісіміне де қол жеткізді. Биыл мамырда Ереван да Таулы Карабақты Эзербайжандікі деп тануға дайын екенін білдірді. Бұл тараптардың шынайы бейбітшілік келісіміне келуге деген үмітті оятты. Алайда,

қос тарап келісе алмай тұрған бірқатар мәселелер бар.

КЕЛІСПЕУШІЛІКТІҢ ТӨРКІНІ ҚАЙДА ЖАТЫР?

Мойындау керек, Таулы Карабақ бұл екі ұлттың да шымбайына теңдей бататын жара болып қалды. Бұл жараның жазылуына әлі де ұзақ уақыт керек болуы мүмкін. Ең маңыздысы, осы ұзақ уақыт арасында тыныштықты қамтамасыз ету екі ел үкіметінің маңызды жауапкершілігі болып тұр. Себебі, армян мен эзербайжан азаматтары арасында сенім дағдарысы тереңдеді, өзара жаулық көзқарас күшейді.

Қарабақты Эзербайжан территориясы деп тануға Арменияның өз ішінде қарсылық аса күшті, соған қарамастан Никол Пашинян билігі бұл қадамға дайын екенін білдірді. Осыдан кейін Баку мен Ереван бейбітшілік келісіміне қол қоя салуына бола ма? Мәселе тараптар бір-бірінің ұсынған шарттарын қабыл алғысы жоқ. Айталық, Эзербайжанның әуелден ұсынған бес шарты мыналар: шекараны қос тарап бірдей мақұлдау; әскери күш қолдануға шектеу қою; шекараларды демаркациялау және трансшекаралық дәліздерді ашу. Бұл талаптар ішінде Армения үшін мүлде қабылданбайтыны жоқ сынды көрінеді. Алайда, шекараны толық демаркациялау мен трансшекаралық дәліздерді ашу бойынша шарттарды Армения ішінде қабылдамайтын күштер бар.

Ал Ереван қойып отырған Қарабақтағы армяндардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қандай да бір халықаралық механизмін құру туралы шартты Баку қабылдағысы жоқ. Себебі, бұл Эзербайжанның территориялық тұтастығын бүлдіру деп санайды. Есесіне, өз азаматтарымен тең құқық беріп, өз бақылауындағы барлық аймақтарға ұқсас әкімшілік бақылауын орнатқысы келеді.

Қазіргі жағдайдан қарағанда, Таулы Карабақ дауы әлдеқашан Эзербайжан мен Армения ортасынан алқып шығып, сыртқы күштердің де қызығушылығын оятқан. Ондағы себеп, бұған дейін Мәскеудің дәстүрлі ықпал ету аймағы саналып келген Оңтүстік Кавказ жерінде өз позициясын орнатуға деген ынталы күштер бар. Ресейдің бітімгершілік күштерінің аймақтағы қауіпсіздікті сақтауға қауқарсыздығы осыған дейін де айтылып келеді. Бұның бәрінен қарағанда алдағы уақытта Қап тауындағы геосаяси жағдайда өзгерістер болуы, әрі оның біздің аймаққа да өз әсерін жасауы бек мүмкін.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

Соңғы уақытта қоғамда «хиджаб» мәселесі қайта өршіді. Басты тақырып – мектептерде хиджаб кию болып отыр. Түрлі лауазымды тұлғалар осыған қатысты жауап та беріп жатыр. Дауға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева соңғы нүктені қойды. Ата Заңымызда бекітілген зайырлылық қағидасы сақталады. Десе де, бұл даудың қашан пайда болып, қалай өрбігендігі жайлы сараптап көрсек.

ХИДЖАБ ДАУЫ ушығып тұр



КОНСТИТУЦИЯ БӘРІНЕН БИІК

Конституция қоғамдық келісімнің жемісі. Ол бәрінен үстем, бәрінен биік. Елдің азаматтары, сонымен қатар мемлекет аумағындағы шетел азаматтары заңның үстемдігін қамтамасыз етуі тиіс. Ол қоғам өмірінің барлық саласын реттейді. Оның ішінде діни сала да бар.

Адамзат тарихында мемлекет пайда болғаннан бері саясат пен дін арасы қылдай. Екеуінің аражігін ажырату өте күрделі. Мұндай алғашқы қадам Еуропада жасалды. XVI-XVII ғасырларда Еуропада Қайта өрлеу дәуірі болды. Оған саясаттың шіркеуден бөліну процесі әсер етті. Ғылымда оны секуляризация дейді. Бертін келе мемлекет пен дін аражігі ажыратылды. Осылайша зайырлы мемлекет қалыптасты. Ал ол зайырлылық бізге де тән дүние.

Еліміздің Ата Заңында зайырлылық қағидасы бекітілген. Онда 1-бапта былай дейді: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Яғни біз өзімізді зайырлы мемлекет ретінде орнықтырамыз. Бұл бәріне ортақ мемлекеттік діннің болмайтынын білдіреді. Бұдан бөлек, мемлекет дін ісіне, ал дін мемлекет ісіне араласпайды деген сөз.

Зайырлылықта діни еркіндікке жол беріледі. Конституцияның 19-бабының 1-тармағында «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» делінген. Яғни әр кәмелетке толған азамат қай дінге жататынын өзі анықтауға құқылы. Осыдан мектептердегі хиджабты кию не кимеуге қатысты дауға жауап та шығады. Себебі, балабақша мен мектептерде кәмелетке толмаған балалар білім алады. Ал онда мемлекеттік білім беру стандарттары сақталуы тиіс.

Конституциямызда осыған қатысты да тоқталған. 30-баптың 4-тармағында: «Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек», – дейді. Сондықтан кейбір ата-аналардың мектепте хиджаб киюге рұқсат беру туралы талаптары орынсыз, әрі заңға қайшы. Себебі, Білім және ғылым министрлігі (қазір «Оқу-ағарту министрлігі») осыған қатысты 2016 жылы 14 қаңтарда арнайы бұйрық шығарды. Ол бойынша міндетті мектеп формасы болуы керек делінген.

Бұған келіспейтін кейбір ата-аналар балаларын мектепке жібермей отыр. Бұл да заңға қайшы. Себебі, білім алуға деген шарттар да заңмен бекітілген. Конституцияның 30-бап 1-тармағында: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті», – деп жазылған. Яғни орта білім алу тегін әрі ол барлық азаматқа міндетті делінген.

ДАУДЫҢ БАСЫ...

Жалпы, мектептегі хиджаб дауы бүгін пайда болған жоқ. Себебі, 2016 жылғы міндетті мектеп формасы жайлы министрліктің бұйрығы бекер қабылданған жоқ. Кез келген заң қабылдануы үшін оған түрткі болатын қоғамдық-саяси себеп болуы керек.

Мектептердегі хиджаб дауы 2012 жылдардан бастау алады. Мұндай мәселе осы уақытқа дейін Ақтөбе (2012, 2018 ж.ж.), Атырау, Орал (2017 ж.) облыстары, Жаңаөзен қаласы (2017 ж.) және 2018 жылы Түркістан облысының Мақтаарал ауданында орын алды. Сонымен қатар, ата-аналардың талап пен тілектері әралуан болған. Мысалы, 2018 жылы Ақтөбеде бір топ ата-аналар жеке медресе ашып берсе деген тілек білдірген. Әрине, бұлар бұқаралық ақпарат көздеріне жеткен жағдайлар. Десе де, бұл ақпараттан да қорытынды шығаруға болады. Даудың басым бөлігі еліміздің батыс өңірлерінде болған. Бұл мемлекет тарапынан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын барынша күшейтуді талап етеді.

Биыл осы мәселе тағы да көтерілді. Тағы да ата-аналар мектепте хиджаб киюге рұқсат берсе деген талап-тілектерін айтты. Алайда, оның зайырлылыққа қайшы екенін және де басты мақсат баланың сапалы білім алуы екенін ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева ескертті.

«Қазір әлеуметтік желіде мектептерде хиджаб кию мәселесіне қатысты талқы тоқтар емес.

Осыған байланысты діни салаға жауапты лауазымды тұлға ретінде өз тарапымнан түсініктеме беруді жөн көріп отырмын.

Ата Заңға сәйкес Қазақстанда дін мемлекеттен бөлінген. Сөз жоқ, мемлекет дін бостандығына кепілдік береді. Бірақ біз – зайырлы елміз! Сол үшін де мемлекеттік саясаттың барлық мәселелері діни пәтуалармен емес, азаматтық нормалармен реттеледі. Құқықтық-нормативтік актілер әрбір оқушыға мектеп қабырғасында арнайы бекітілген форма киюді міндеттейді. Өйткені, білім беру ерекшелігі бірыңғайлықты талап етеді.

Ал Конституциямыз бойынша мектептің міндеті – ел азаматтарына сапалы білім беруге кепілдік беру және оны қамтамасыз ету.

Сондықтан да мектепте бала ең алдымен сапалы білім алуы керек. Содан кейін барып, ержете келе діни наным-сенімін, қандай киім үлгісін киетінін өзі шешеді деп ойлаймын», – деді министр Facebook паракшасында.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ЖҰМЫС САПАРЫ

Ерболат ДОСАЕВ:

«ҚАЛАНЫҢ ТАРИХИ КЕЛБЕТІН САҚТАУ
БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ»

АНЫҚТАМА

* Көпірді қайта жарактау (реконструкция) кезінде қолданылатын қаптау материалындағы қаптау тақталары табиғи тас – граниттен жасалғанын куәландыратын сапа сертификаты бар.

Марғұлан көшесінен Төле би көшесіне дейінгі аралықтағы алаң былтыр қыркүйекте жасалған. Мұнда қала тұрғындарына арналып воркаут алаңы, балалар ойын аймағы орнатылған, сондай-ақ аумақта арт-объектілер орналасқан. Әкімнің бұл нысанға баруына себеп – қала инфрақұрылымының күзгі-қысқы кезеңге әзірлігін тексеру кезінде жылу трассасының гидравликалық сынағынан соң серпілістің болуы. «Біздің қалада, өкінішке қарай, жылу магистральдарының тозуы жоғары деңгейде – 59,2%. Шағымдар көп түсіп жатыр. 3 кезең бойынша жөндеуден кейін трассаларды гидравликалық сынақтан өткіздік. Қазір жағдайды ретке келтіріп жатырмыз. Гидросынақтарды 13 қыркүйекте толықтай аяқтадық», – деді Ерболат Досаев.

«Алматы жылу желілері» ЖШС Бас директоры Алтай Рахымбетов қаламыздағы осындай орындардың анықталып жатқанын атап айтты. АТС оператор ретінде туындаған мәселелерді шешуде жедел шаралар қабылдайды.

Нысандарды аралау барысында қала әкімі тас жолдарды төсеу мәселесіне ерекше тоқталды. Осыған байланысты мегаполистің жол учаскелерінде көлік қозғалысы жартылай жабылған. Ерболат Досаев жұмыстың тар аймақтарды қамтитынын, бірінші кезекте бұл шаруаны жылыту маусымы жакындағанға дейін қалпына келтіру керектігін айтты.

Бүгінде Қожанов көшесі бойындағы жылу магистралі қайта жаңартылуда. Жылу магистралі 1976 жылы іске қосылып, өзінің нормативтік мерзіміне жеткен. Осы күні Гагарин даңғылында желілерді төсеу жұмыстары аяқталып, асфальт төсеу үшін топырақты нығыздау жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстарды аяқтаудың жоспарланған мерзімі – 15 қыркүйек.

Өткізілетін іс-шаралар Әуезов ауданында орналасқан 19 көппәтерлі үйдің, 2 балабақша мен 39 басқа да нысанның тұрғындарын сапалы жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы, биыл жүргізілген жылу желілерін қайта жаңғырту қаладағы тозуды 0,7 пайызға азайтады.

Ұлттық өрнекпен нақышталады

Қала басшысы барған келесі нысан – Саин–Абай даңғылының солтүстігіндегі көше бойындағы жерасты өткелі. Маусым айында жөндеу жұмысы басталып, қазан айында аяқтау жоспарланған. Нысан жұмыс істеп тұр, сондай-ақ оны жаяу жүргіншілер пайдаланады. Жобаға металл конструкциясын қосу арқылы шатырды жөндеу, қалалық полиция бөліміне ақпарат жеткізуге рұқсаты бар вандалдық бейнебақылау камераларын орнату, кабельдерді ауыстыру кіреді.

Ерболат Досаев жерасты өткеліндегі жарықтандыру сапасына ерекше назар аударып, күндіз бен кешкі уақытта жеткілікті деңгейде көшелерді жарықтандыруды тапсырды. Әуезов ауданының әкіміне жұмыстардың сапасын бақылауды күшейту тапсырылды.

«Біз барлық өткелде жарық болуы керек деп келістік. Жерасты өткелі жарық болуы керек. Қосымша жарықтандыруды жасау қажет. Біздің міндетіміз – азаматтарға барлық жағдай жасау. Олар өздерін қауіпсіз сезінуі керек», – деді Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, қала әкімі жерасты өткелдеріне сурет салған суретшілермен сөйлесті. Бұдан былай жерасты өткелінің қабырғаларына қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары туралы суреттер: беташар, асық ату, жіп иіру, теңге ілу тәрізді ұлттық нақышта бейнеленген көркем суреттер салынатын болады. Ерболат Досаев көркемсурет шеберлеріне шығармашылық шабыт пен сәттілік тіледі. Айта кетерлігі, Әуезов ауданында жөндеу жұмыстары қосымша үш жерасты өткелінде жүргізілуде.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДИ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Сейфуллин даңғылындағы Үлкен Алматы каналындағы көпірді қайта жаңарту барысымен танысты.

Көпір 1982 жылы салынған. Әр жылдары ағымдағы жөндеу жұмыстары кезінде сынған плиталар ішінара бөлшектеліп, қалпына келтірілген. Түркіб ауданының тұрғындары әкімдікке көпірді жөндеу жөнінде бірнеше рет өтініш білдірген. Визуалды тексеру барысында үш негізгі мәселе анықталды.

Біріншіден: баспалдақтағы гранит плиталар жылжып кеткендіктен, тұрғындардың көпірге түсіп-шығу қауіпті боп тұр. Аумақты қарау кезінде тірек қабырғалары мен құрылымның өзінде плиталардың бөлінуі байқалды. Бұл жағдай жаяу жүргіншілерге қауіп төндіреді.

Екіншіден: көпірдің гидроизоляциясы бұзылған. Көпір құрылымының астында ағын бар, еріген қар мен жаңбыр суы жиналып, арқалық иілген. Мұндай ақау көпірдің апаттық жағдайға жакын екенін көрсетеді.

Үшіншіден: көпірдің көптеген бөлігінде жартылай құлаған плиталар сұрықсыз көрінеді.

Көпірді жөндеу 2023 жылға жоспарланған жоқ, бірақ тұрғындардың өтінішімен бұл жұмыстар Сейфуллин даңғылындағы жолдарды ағымдағы жөндеу бағдарламасына енгізілді. Бүлінген гранит плиталар бөлшектеліп, тазартылып, орнына қойылды, жұқа қаптамалар күшейтілген бекітпелерге ауыстырылды. Бүгінде гранитті сатыларды бөлшектеу, тегістеу және орнату, тіреу қабырғаларын такта таспен қаптау, аралық құрылыстың қасбеті мен арқалығын бояу жұмыстары аяқталды. Төбелер мен қабырғаларға плиталарды тегістеп қою мен төсеу жұмыстары жалғасуда.

Сейфуллин даңғылындағы тіреу қабырғаларының бірі көпірдің көп жыл пайдалану кезінде құлаған плиталардың жартысына жуығын ауыстыруды қажет етеді. Бұл ретте көпір қаптамасында құрылыс кезінде пайдаланылған гранит плиталар бүгінгі күні өндірілмейді. Бір қабырғаның гранитті материалға ұқсас плитасын ауыстыру жалпы көрініске әсер етеді. Осыған байланысты тарихи келбетін сақтау мақсатында Түркіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров ең көп тозған такталарды заманға лайық жоғары

сапалы материалдармен ауыстыруды, алынған такталарды басқа аз зақымдалған аумақтағы олқылықтардың орнын толтыру мақсатымен пайдалануды ұсынды. Қайта жарактау аяқталғаннан кейін қалған материалдың бір бөлігін кейінірек зақымдалған тұсқа қайта қолдануға сақталады.

Бүгін күні екі мәселе шешілді. Бұл – көпірдің қауіпсіздігі мен эстетикасын қамтамасыз ету. Мегаполис басшысына қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев құрылысты гидрооқшаулауға байланысты күрделі жөндеу қажеттігі жөнінде мәлімдеді. Нысанды тексеру соңында қала басшысы Ерболат Досаев жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі басты орында болуы тиіс екенін атап өтті.

«Қаланың тарихи келбетін сақтау біз үшін маңызды. Біз архитектуралық келбетті бұзбауға тырысамыз. Инфрақұрылымның тозатыны белгілі. Жөндеу жұмыстары барысында қаладағы нысандардың тарихи келбетін барынша сақтап қалуға тапсырма бердім. Бұл жерде бізде қауіпсіздікпен қатар, көркемдік келбетіне де мән береміз. Осы орайда, әлбетте, кем-кетікті өзгертуге мәжбүрміз, бірақ архитектуралық ансамбльді, құрылымның бастапқы түрін мүмкіндігінше сақтаймыз. Қазір барлық жұмыс сапалы орындалды: жасанды материал жоқ, бүкіл жерде табиғи тас тұр», – деп, қала әкімі Ерболат Досаев көпір құрылысына қатысты тапсырмасын тиянақтады.

Әкім көпір жөндеу жұмыстарын қараша айының бас кезіне дейін бітіруді, сонымен бірге, сараптама жүргізу мен қажет болған жағдайда осы көпір құрылысын күрделі жөндеуді 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізуді жүктеді.

Жылу желілерін жаңғырту

Ерболат Досаев Әуезов ауданындағы нысандарды да аралап, жерасты өткелі мен скверді жөндеу барысын тексерді.

Жұмыс сапары аясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданындағы нысандарда жүргізіліп жатқан жұмыстарды бақылады.



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

5867 МОПЕД ЖҮРГІЗУШІ

жол қозғалысы ережесін өрескел бұзған



Қауіпті саналатын қос дөңгелекті мопедтерге тұрғындардың наразылығы күн санап артып барады. Әлеужеліге жүктелген жазбалардан да мопед жүргізушілерінің жол ережесін бұзып, көліктерге соғылғанын көруге болады. Қос дөңгелекті «тұлпарды» тізгіндеген жүргізушінің қатты соққыдан ұшып кеткенін де бейнекамера жазып алған. Ал жеткізу қызметінің сөмкесін салып алған мопедші жүргінші жолағында ана мен баланы қағып өтіп, кейін өзі қашып кеткен. Одан бөлек, балалар ойнайтын алаңға шығып, ескерту берген адаммен ерегесіп тұрған сәті тағы бар.

Айнабай
МӘДИ

Мұндай жағдайлар қалада ғана емес, іргелес облыста да жиі кездеседі. Куәгерлердің айтуынша, жоғары жылдамдықпен келген мопед тоқтай алмай көлікке соғылған. 18 жастағы жүргізуші ауруханада жан тапсырған. Дегенмен, елімізде енгізілген ережелерді елегісі келмейтіндер де кезігеді. Мәселен, жеткізу қызметінде істейтін бір азаматтың айтуынша, мопедтерге мемлекеттік тіркеу міндеттелгені жөн емес көрінеді. Қоғам болған соң, әралуан пікір болатыны заңды. Дегенмен, заң – баршаға ортақ.

– Биыл жол ережесін өрескел бұзған 5867 мопед жүргізушісі жауапқа тартылды. Жеткізу қызметімен айналысатын азаматтың қорапшасынан қару тәркіленді, – деді Алматы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

«Мопед қала ішінде сағатына 60 шақы-

рым жылдамдықты оп-оңай еңсереді. Қауіпсіздік қағидасын сақтамастан, ауыр жарақат аласың, қайғылы жағдай болуы да мүмкін. Апат болғанда адам құлайтындықтан, бастан алған қатты жарақаттан өліп кетуі ықтимал. Сондықтан Жол қозғалысы ережесін сақтаңыздар. Сонда бәрі дұрыс болады», – дейді мопед жүргізуші Ермек Жанқалиев.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда 8 айда мопедтердің қатысуымен 223 жол апаты болып, 8 адам қаза тапқан. Осы апатты оқиғаларда 240 адам жарақат алған.
- Тәртіп сақшыларының қыркүйектің алғашқы онкүндігінде жүргізген рейдінде 23 азамат жауапқа тартылды.

ЗАҢ – БАРШАҒА ОРТАҚ

400 АДАМ БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛДЫ



Бұл – еліміздің «Банкроттық туралы» заңы қабылданғаннан бастап, 5 қыркүйекке дейінгі көрсеткіш. Желідегі жұрт мұқтаж адамдардың бұдан әлдеқайда көп екендігін айтқан болатын.

Банкрот мәртебесін алғандар санының аз болуы оны алудың қиындығымен байланысты ма? Осы сауалға еліміздің қаржы вице-министрі Ержан Біржанов былай деп жауап берді: «Банкроттық туралы заң қабылданып, 3 наурыздан бастап өтініш қабылдана бастады. Бірақ біз өтінішті қабылдай салып, банкрот статусын бірден бере алмаймыз. Тексеруге уақыт кетеді. Азаматтың өтінішін қанағаттандыру үшін заңнамаға сәйкестігі алты ай бойы тексеріледі.

Қазір алты ай өткеннен кейін бір ізге түсе бастады. Күн сайын жүздей адамға банкрот статусы берілуде», – деді ол.

Вице-министрдің сөзінше, бүгінде елде банкрот деп танылуы мүмкін 10 мыңнан аса адам бар. «Олар тізімге біртіндеп қосылады. Жалпы, соттан тыс банкроттық рәсіміне 65 мың Қазақстан азаматы өтінім берді.

Қыркүйектегі алғашқы онкүндігіндегі жағдай бойынша 10 мыңнан астам адам алдын ала тексеруден өтті. Қазір олар банкрот деп танылуы мүмкін. Алайда, күн сайын өтініштер түсіп жатыр. Тізім толықтырылады. Әзірге осы 10 мыңнан астам адамның, шамамен алғанда, 400-дейі банкрот деп танылды», – деп мәлімдеді вице-министр.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ИССАПАР

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Моңғолия Ғылым академиясы ғылыми жобаларды ортақ жүзеге асыру бойынша ынтымақтастыққа қол жеткізді. Бұндай ынтымақтастық келісім аталған институттағы ғылыми қызметкерлердің Моңғол Халық Республикасына жасаған іссапары аясында жүзеге асты.

ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАР
ҚОРЖЫНЫ ҚҰР ҚАЙТПАДЫ

25 тамыз бен 4 қыркүйек арасында КР ҒЖБМ Ғылым комитеті Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкерлері – институт директорының сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., PhD Ж.Женіс, Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің ғылыми қызметкерлері, т.ғ.к., Ж.Ошан мен Е.Сауырқан Моңғолияда ғылыми іссапарда болып қайтты. Олар Моңғолия Ғылым академиясы Тарих және этнология институтының директоры Цегмед Церендоржпен жүздесіп, сапардың басты мақсатын жеткізді. Әрі екі институттың алдағы стратегиялық жоспарына сәйкес келетін ортақ ұсыныстарды талқылады. Нәтижесінде доктор Ц.Церендорж Моңғол тарапынан 3 біріккен ғылыми жоба тақырыбын ұсынып, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы институтпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Ғылыми қызметкерлердің іссапары бұдан кейін Моңғолия мемлекеттік архивінде жалғасты. Ары қарай ретімен Шыңғыс хан музейі, UNESCO ұйымының Көшпенділер өркениетін зерттеу орталығында, Баян-Өлгий аймақтық мәдениет басқармасында, Улан-Батор іргесіндегі Тонхөкк ескерткіші кешенінде және Орхон өзені сағасындағы маңызды тарихи кешен Күлтегін және Білге Қаған ескерткіштерінде жалғасын тапты. Бұған қоса, Моңғолияның Хэнтий аймағы Шыңғыс-Хан қаласындағы тарихи музейлерге де ғылыми экскурсия жасалды.

Аталған институт ғалымдарының сапары Моңғолия тарапынан да үлкен қолдауға ие

болды. Әрі қазақстандық тарихшы-ғалымдармен ортақ жұмыс атқаруға айрықша ынта танытты. Әсіресе, соңғы ортағасыр кезеңінен XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі дәуірлік кезеңдерге байланысты ортақ тақырыптар аясында бірігіп жұмыс істеуге дайын екенін де жеткізді.

Қол қойысқан ынтымақтастық келісім бағытында екі елдің тарихшы ғалымдарының ортақ зерттеу тақырыптары анықталып, жақын келешекте бірігіп қолға алатын ғылыми жұмыстардың бағыты айқындалды. Алдағы уақытта екі елдің Тарих және этнология институттары ғылыми басылымдарында авторлармен алмасуға да келісті.

Отандық ғалымдардың қоржындары құр қайтпады. Іссапардың белгіленген жоспарына сәйкес Моңғолия мемлекеттік архивінен еліміздің түрлі тарихи кезеңдері мен көрнекті тұлғаларына қатысты бұған дейін ғылыми айналымда жоқ тың архивтік деректерді елге әкелінді. Олардың қатарында сирек әрі құнды тарихи суреттер де бар. Екі елдің ғылыми орталықтары өздерінде жарық көрген еңбектермен алмасып, маңызды ынтымақтастықтың сенімін бекемдеді. Бұнымен бірге, Моңғолияның ғылыми орталықтарына еліміздің тарихшы ғалымдарының соңғы уақыттағы ғылыми жемістері, сондай-ақ, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының нәтижелі жұмыстары да таныстырылды.

Е.САУЫРҚАН,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

САЛҒЫРТТЫҚТЫ СУ ДА КЕШІРМЕЙДІ

Адам қай кезде де қадамын аңдап басып, сақтанғаны дұрыс. «Сақтансаң, сақтаймын» деген емес пе? Дегенмен, кейде сол көзге көрінбейтін, жазылмаған заңдылықтарға бағынбай да жатамыз. Бұл әлде тағдыр, бәлкім салғырттықтан болар. Бұл уәжде биылғы жаздағы өкінішті жағдайларға қарап көз жеткізуге болады. ТЖМ-гі мәліметінше, «тілсіз жаудың» бірі санатындағы суға жаздың үш айында еліміз бойынша 177 адам батып кеткен екен.

Рая
ЕСКЕНДІР

ТЖМ ақпараты бойынша шомылу маусымы кезінде, яғни жаздың алғашқы айынан бастап 136 адамды, оның ішінде 51 баланы құтқарып қалған. Тиісті мекеме өкілдерінің үндеуі мен жүргізілген профилактикалық жұмыстарына қарамастан, үш айда 177 адам, оның ішінде 53 көмелетке толмаған бала суға батып кеткен. Бұл өте өкінішті жағдай. Ең өкініштісі, қанша ескерту жасалғанымен, жыл сайын мұндай жағдайдың қайталануы бергені өзекті өртейді. Бұл әлі де біздің салғырттықтан сабақ алмағанымызды көрсетеді. Мәселен, былтыр шомылу маусымында 184 адам, оның ішінде 62 көмелетке толмаған бала суға батып кетті. Сол өкінішті жағдайдың 98 пайызы жабдықталмаған, яғни рұқсат етілмеген жағажайларда болған. Мұндай оқиғалар тағы да сол салғырттықтың зардабынан орын алып отыр. Бұған күні кеше Түркістан облысындағы бір әулеттен 11 адамның суға батып кеткені де мысал болса керек.

Тиісті мекеме өкілдері суға батып кетудің негізгі себебі – көп жағдайда адамдардың мас күйінде шомылуы мен жүзе алмауынан бол-

са, балалардың суға батып кетуі ересек адамның қарауынсыз қалғанынан дейді.

Қазіргі таңда біздің елімізде 612 рұқсат етілген суға түсетін демалыс орны бар. Сонымен қатар, 4285 орын шомылуға қауіпті деп танылып, тыйым салынған орындар тізіміне енгізіліп отыр.

Өкінішті жағдайлар орын алмас үшін не істемек керек? Қазіргі заманауи мектептердің барлығында бассейн бар. Бастысы, арнайы мамандар балалармен жұмыс жасап, жүзуге үйретсе, әлгідей оқиғалардың саны азаяр еді. Сонымен қатар, қала көлеміндегі спорттық кешендердегі бассейндер бағасының тым қымбат болуы да балалардың жүзуге деген ынтасына кері әсерін тигізіп отыр. Осы орайда біз қаладағы бассейндердің бағасын сұрастырған едік. Таңғы сағат 7.00-ден бастап түнгі 23.00-ге дейін жұмыс жасайтын бассейндердің бағасы 40000-45000-нан басталады. Бір абонентпен ай бойы 12 мәрте келуге болады. Мұндағы баға балаларға 10 000 теңгеден басталып, ересектер үшін 20 000 теңге көлемінде. Осы бағаны төлеп, 1 сағат 30 минут жүзуге болады. Дегенмен, ата-аналардың барлығының қалтасы мұндай бағаны көтере бермейді. Осындайда суға жүзуді үйренген бала, ең болмағанда батып бара жатқандарды құтқарар еді ғой деген ой туады.



● **ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?**

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ӨСІМІ

Алматы қаласында да тіркелді

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің қаңтар-тамыз айларында атқарылуы, IT-саланы дамыту аясында жаңа міндеттерді іске асыру мәселелері қаралды.

Экономиканың негізгі бағыттары

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин мәлім еткендей, есепті кезеңде Қазақстан экономикасы 4,9%-ға өскен. Атап айтқанда, нақты сектордағы өсім 4,4%-ды, қызмет көрсету саласында – 4,8%-ды құрады. Негізгі салалардың барлығында оң динамика байқалады, құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс ең жоғары өсімді көрсеткен.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 12,2%-ды құраған. Инвестициялар ағыны көлік және қоймалауда – 49%-ға, білім беруде – 31,9%-ға, саудада – 30,1%-ға, ауыл шаруашылығында – 20,7%-ға, өнеркәсіпте – 8,5%-ға өскен. Қаңтар-шілдеде республиканың сыртқы сауда айналымы 5,7%-ға өсіп, \$79,5 млрд-ты құраған. Экспорт \$44,8 млрд-қа жетсе, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты – \$14,2 млрд-қа, ал импорт – \$34,7 млрд-қа, жалпы алғанда, оң сауда балансы \$10 млрд-қа тен.

Премьер-министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев келтірген деректерге көз жүгіртсек, есепті кезеңде мемлекеттік бюджетке 12,5 трлн теңге кіріс түскен екен, яғни жоспар 97,2%-ға орындалған. Мәселен, республикалық бюджет 8,3 трлн теңгеге, жергілікті бюджеттер 4,2 трлн теңгеге толыққан. Мемлекеттік бюджет шығыстары 98,6%-ға, республикалық шығыстар – 99,3%-ға, жергілікті шығыстар – 98,3%-ға орындалған.

Үкімет басшысы құрылыс секторында 11,4% тұрақты өсім қамтамасыз етілгенін хабардар етті. Жалпы, 10 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. 8 айдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында барлық негізгі көрсеткіштердің өсімі тіркелген. Қабылданған шаралардың арқасында тамыз айының қорытындысы бойынша инфляция 13,1%-ға дейін төмендеген. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктері азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және тамақ өндірісін ынталандыру бойынша белсенді жұмысты жалғастыру қажеттілігіне маңыз берілді. **«Мемлекет басшысы Жолдауда еліміздің экономикалық өсімін орта мерзімді кезеңде 6-7% деңгейінде қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл – Үкімет пен әкімдіктер үшін маңызды міндет. Осы ретте барлығымызға экономиканың негізгі бағыттарында және өңірлерде тиісті өсімді көрсету үшін тиімді шаралар қабылдауымыз керек»,** – деді Әлихан Смайылов.

Жасанды интеллект саласын дамыту жалғасады

Қазақстанда 2026 жылға қарай IT-қызметтердің экспортын \$1 млрд-қа дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин қазіргі уақытта мемлекеттік саясат Қазақстанда инновациялық экожүйені қарқынды дамытуға бағытталғанын атап өтті. Бұған адами капиталдың сапасын жақсарту, IT-инфрақұрылым мен венчурлық қорларды құру, шетелдік технологиялық компанияларды тарту және жергілікті стартаптар үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шаралар кіреді.

Министр қазақстандық IT-қызметтердің экспортын ұлғайту үшін жақын арада Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыста Silkroad hub өкілдіктері ашылатынын атап өтті. Сондай-ақ, білікті мамандарды тарту үшін Digital Nomad Visa жобасы іске асырылатын болады.

Жасанды интеллект саласын дамыту жалғасады, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Каспий маңы оптикалық инфрақұрылымы мен деректерді өңдеу орталықтары пайдалануға берілмек. Сондай-ақ,



IT-инвесторлар үшін арнайы экономикалық аймақ құру жоспарланып отыр.

Үкіметбасының айтуынша, қазіргі таңда IT-индустрия – әлемдік экономикадағы ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі. Соңғы жылдары Қазақстан IT-секторды дамытуда айтарлықтай серпіліс жасады. Ірі әлемдік компаниялар мен инвесторлар тартылуда. Жергілікті стартаптар үшін қолайлы жағдайлар жасалып жатыр. Қазақстан жаһандық IT-нарықтың толыққанды мүшесі болуға ұмтылуы керек. Ол үшін әр өңірдің өз IT-хабы мен заманауи IT-мектептері болуы тиіс. **«Президент өз Жолдауында 2026 жылға қарай IT-қызметтерінің экспортын \$1 млрд-қа дейін жеткізуді тапсырды. Бұл – нақты іске асыруға болатын міндет»,** – деді Әлихан Смайылов.

IT нарығы:

Қазақстан ірі өңірлік ойыншыға айнала ма?



Astana Hub Орталық Азия өңіріндегі Google for Startups-тың жалғыз серіктесі болып отыр. Бұл туралы Үкімет отырысында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин хабарлады.

Елімізде 16 мыңнан астам IT-компания бар, ал IT саласында 180 мыңнан астам маман жұмыс істейді. Жалақы көлемі де қарқынды өсіп жатыр, бір жыл ішінде орташа жалақы шамамен 100 мың теңгеге көтерілді. Оң динамика әрі қарай өсу мүмкіндігін көрсетіп отыр. Бұл өз кезегінде IT саласын ең тартымды бағыттардың біріне айналдырмақ. Сондай-ақ, спорттық бағдарламалауды насихаттау және дамыту IT индустриясын дамытуға зор ықпал етпек. Осы мақсатта Астана қаласында спорттық бағдарламалау бойынша әлем чемпионатын өткізуге өтінім берілді. **«Мемлекет басшысы 26 жылға қарай IT-экспортын \$1**

*** «TechOrda бағдарламасы аясында IT-кәсіпті игергісі келетін қазақстандықтарға озық жекеменшік IT-мектептерде ваучерлік жүйе негізінде білім алу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл жоба аясында азаматтар өзінің кәсіби бағытын өзгертумен қатар, тағдырын да өзгертуге мүмкіндік алып отыр.**

млрд-қа дейін жеткізу мақсатын қойды. Өткен жылы IT-экспорт бес есе өсіп, \$334 млн-ды құрады, оның ішінде \$153 млн Astana Hub қатысушыларымен жасалды. Бұл біздің цифрлық өнімдеріміздің халықаралық аренада бәсекеге қабілетті екенінің көрсеткіші», – деді цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин.

Astana Hub Орталық Азия өңіріндегі Google for Startups-тің жалғыз серіктесі болды. Осылайша Қазақстан аймақтағы ірі IT ойыншысына айналып келеді. 15 қыркүйекте Орталық Азия мен Түркі мемлекеттерінің ұйымына мүше елдердің стартаптарын қолдауға және ілгерілетуге бағытталған Silkroad Innovation Hub өкілдігі ашылады. IT-мамандарды тарту мақсатында Digital Nomad Visa жобасы іске асырылатын болады.

«Президент өз Жолдауында жасанды интеллектті дамыту ісіне басты назар аудару қажеттігін атап өтті. Бұл үшін екі басты мәселені шешетін боламыз. Бірінші – «Smart Data Ukmet» жобасы аясында негізгі дерекқорларды біріктіріп, мемлекеттік органдар мен ғалымдарға, университеттер мен IT-компанияларға осы деректер негізінде өз қажеттіліктері үшін тиісті модельдер құра алатындай етіп, деректер ұсынылмқ. Басқа сөзбен айтқанда, Big data-ны қамтамасыз ету. Екінші – отандық компанияларға жасанды интеллектті модельдеу үшін берілетін деректер «анонимдік», яғни иесіздендірілген түрде қолжетімді болады. Яғни нарықтың деректер мен есептеу қуатын қамтамасыз ету. Алайда, мұндай мүмкіндік өзіне тиісті жауапкершілік пен міндеттемелерді алған отандық IT-компанияларға берілетін болады. Нәтижесінде жасанды интеллект бағытындағы отандық стартаптардың саны өсіп, нарықтың бәсеке пайда болады», – деді Б.Мусин.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: primeminister.kz).



● БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАРҚЫН ЖЕҢІС

Мемлекет басшысы шахматтан Қазақстанның әйелдер құрамасын Польшада өткен командалық әлем чемпионатында күміс медальға ие болуымен құттықтады.

– Шахматтан Қазақстан құрамасын әйелдер арасындағы командалық әлем чемпионатында тұңғыш рет күміс медальға ие болуымен құттықтаймын! Бұл – еліміздің шахмат тарихындағы айтулы оқиға. Байрақты бәсекеде қыздарымыз асқан шеберліктің және жеңіске деген шексіз ерік-жігердің озық үлгісін көрсетті. Сіздердің тамаша жетілдіретін шахмат спортын жан-жақты дәріптеп, өскелең ұрпақтың оған деген қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Мемлекет адамың ой-өрісін жетілдіретін бекзат өнерді дамытуға барынша қолдау көрсете береді. Еліміздегі кәсіби және әуесқой шахматшыларға тек жарқын жеңістер тілеймін! – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Instagram парақшасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ӘЛЕМДІК ДОДА

ЭСТЕТИКАЛЫҚ
ТОПТЫҚ ГИМНАСТИКА

Алматыда спорттың осы түрінен Азия құрлығындағы алғашқы Әлем чемпионаты өтеді

Биылғы қараша айына жоспарланған бұл әлемдік додаға қатысу үшін шаһарға 15 елден спортшылар келмек. Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында спикерлер маңызды іс-шараға дайындық барысы туралы айтып берді. Қазақстанның эстетикалық топтық гимнастика федерациясының вице-президенті Әйгерім Арпабаева атап өткендей, бұл халықаралық федерацияның құрылғанына 20 жыл толуына арналған мерейтойлық чемпионат.

Іс-шара Алматы қаласы әкімінің қолдауымен Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтеді. Статистикаға жүгінсек, қысқа мерзім ішінде Қазақстанда 154 спорт шебері, 54 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 25 ұлттық төреші, 5 халықаралық дәрежедегі төреші тәрбиеленген. Бұл спорт түрімен айналысатындардың жалпы саны 1500 адамды құрайды. Өткен жылы Федерация еліміздің түкпір-түкпірінде, соның ішінде шалғайдағы ауылдарда осы спорт түрін дамыту бойынша ұлттық жобаны қолға алған.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерден ХАЙРУЛЛИН,
Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы:

100 пайыз дайынбыз!

Бұл – біз үшін елеулі оқиға. Алматы Әлем чемпионатын қабылдауға 100 пайыз дайын. Қонақтарды орналастыру мәселелері ойластырылған. Шамамен, бір жарым мың адам болады деп күтілуде. Спорт сарайы қаланың орталығында орналасқан. Дайындық белгіленген мерзім шеңберінде жүріп жатыр.

Мәдина БЕКТҮРҒАНОВА,
«Қазақстанның эстетикалық топтық гимнастика федерациясы» қоғамдық бірлестігінің президенті:

Үлкен әлеует бар

Эстетикалық гимнастика – денсаулық аспектісіне негізделген ең әдемі спорт түрі. Ол әлемде өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап дами бастады, Финляндияда пайда болды. 2003 жылдан бастап Халықаралық эстетикалық топтық гимнастика федерациясы бар. Қазіргі уақытта оның құрамына 49 ел кіреді, осы спорт түрінің Олимпиада ойындарының бағдарламасына енуі үшін үлкен әлеует бар. Қазақстанда эстетикалық топтық гимнастика федерациясы 2018 жылы құрылды. 2020 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің аккредитациясын алды. Уақыт көрсеткендей, әйелдер спорты да танымал бола алады. Бұл қыз балалардың бойында басқа қыздармен ынтымақтаса білу қабілетін қалыптастырады. Соңғы бес жылда Қазақстан тіпті пандемияға да қарамастан осы спорт түрінен үлкен серпіліс жасады. Былтыр біздің қыздар Австрияда өткен Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды, сондай-ақ Азия чемпионатында жеңіске жетті.

● ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІ

ЕЛУ ЖАҢА ВАГОН

«Жолаушылар тасымалы» АҚ паркі отандық зауытта шығарылған жаңа жолаушылар вагондарымен толықтырылды.



ҚР Көлік министрлігінен хабарлағандай, вагондар заманауи талаптарға сай келеді. Атап айтқанда, кондиционер, ауаны тазарту сүзгілері, датчиктер, тамбурлардағы бейнебақылау жүйесі, электр розеткаларымен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта жолаушылар вагондарының паркі шамамен 2500 бірлікті құрайды. Жаңа жылжымалы құрам плацкорт және купе вагондарынан тұрады, қызмет ету мерзімі 40 жылға дейін.

50 жаңа жолаушылар вагондары отандық өндіруші – «ЗИКСТО»-мен жасалған шартқа сәйкес сатып алынған. «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжановтың айтуынша, келесі жылдың басында «ЗИКСТО» АҚ мекемесі жолаушылар тасымалына арналған тағы 100 вагон жасап шығарады екен. Бұл шаралар тасымалдау процесін жүзеге асыру кезінде жолаушыларға барынша жағдай жасау мақсатында қолға алынған.

Соңғы 10 жылда теміржол көлігі паркі 50%-ға жаңартылған. Осы уақыт аралығында заманауи халықаралық талаптарға сәйкес келетін 1200-ден астам вагон сатып алынды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

ҚАЛАНЫ ҚАРДАН ТАЗАЛАУ

үшін биылғы қыс маусымында Алматы көшелеріне 100-ден астам жаңа техника шығады



Алдағы қыс маусымында шаһарды тазалау үшін жаңа техникалар, оның ішінде Қазақстанда алғаш рет электрокарлар қолданылады. «Алматы Тазалық» мекемесіне қалалық бюджеттен қосымша 101 арнайы техника сатып алу жоспарлануда (оның 29-ы жеткізілді). Бұл – 17 шаңсорғыш, 10 самосвал, 12 тротуар, 9 қоқыс тасушы, 5 шағын трактор, 37 комбайн, 10 кескіш және 1 манипулятор. Барлық сатып алынған жабдық әмбебап. Қыста да, жазда да қолданылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Биыл Қазақстанда алғаш рет электрмен жұмыс істейтін коммуналдық көліктер коммуналдық қызметке шығады. Бұл тротуарларды тазалауға арналған көп функциялы 18 электрлік машина (оның 6-ы жеткізілді). Сатып алу Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру аясында жыл соңына дейін жоспарланған.

Сатып алынатын машиналар экологиялық таза. Мысалы, Dulevo 6000 CNG әлемдегі жалғыз механикалық сорғыш тазалау техникасы. Оның механикалық тазалаудан айырмашылығы шаң шығарындыларын жояды.

PONY P-4, P-3 жазда тротуарларды немесе ғимараттарға іргелес жерлерді тазалау немесе жуу, жолдың шеті мен жиектерінде шөп шабу, гүлзарларды суару үшін пайдаланылады, ал қыста қарды тазалау және тротуарларда, көлік тұрақтарында, тар аллеяларда реагенттерді тарату үшін пайдалануға болады. Осылайша бұл машиналар өнімділікті арттырады және тазалау уақытын бірнеше есе қысқартады.

Бүгін Алматы аудандары әкімдіктерінің мердігерлері қысқы көше тазалау жұмыстарына дайындықты бастады.

Маусымаралық жұмыстарды «Алматы Тазалық» МКК аяқтады. Жеке мердігерлермен дайындық жұмыстарын қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Қазан айында барлық маусымдық техника қысқы мерзімге қайта жабдықталады.

Қысқы жұмыстарға 818 бірлік техника (оның ішінде «Алматы Тазалық» – 619 бірлік) және 1240 жұмысшы («Алматы Тазалық» – 724 адам) тартылатын болады. Қар қалың жауса, жұмысқа құрылыс ұйымдарынан 150-ге дейін самосвалдар мен тиегіштер және 1 мыңға дейін жұмысшы тартылатын болады.

Мердігер ұйымдар қысқы кезеңге дайындық аясында көктайғақ болдырмау үшін қажетті қаражат дайындады.

Мамандар коммуналдық қызметтердің жұмысының қыр-сырын түсінуге мүмкіндік беретін қыста қаланы тазалау технологиясын пысықтады

• Көшелерді қысқы жинау бойынша жолдардың жүріс бөлігін көктайғақты болдырмайтын материалдармен (пгм) өңдеу қар жауа бастағаннан кейін 20–40 минут ұстай отырып, ПГМ бекіту үшін жеткілікті қар қабаты пайда болған кезде жүзеге асырылады.

• Себу 3 сағат ішінде жүргізіледі. Асфальтқа жабыспайтын борпылдақ қар массасы пайда болғаннан кейін 3–5 сағат ішінде машиналардың бағандарымен қарды тырмалау және сыпыру жүргізіледі. Осыған байланысты қала тұрғындары қар жауған кезде жол жиегіндегі тұрақта тұрған машиналар қар тазалау және шығару жұмыстарын қиындататынын, жолдардан қар тазалау қарқынын бәсеңдететінін, жол қозғалысын нашарлататынын түсінуі қажет.

• Қала жолдарындағы көктайғақ болдырмау үшін себу әрбір 5 см жаңа түскен қардан кейін жүргізіледі, содан кейін қар қайтадан тырмаланады. Бұл технология сақталмаса, жолдарда көктайғақ пайда болады.

• Осыдан кейін қар үйінділері қалыптасады. Өрі қарай қарды шығару, оны алып тастағаннан кейін жол жиегін тазарту, мұзды ұсақтау және қар-мұз түзілімдерін жою жүргізіледі.

• Негізгі көшелерден қар шығару жұмыстары жауған қардың көлеміне байланысты 3–5 тәулік ішінде жүзеге асырылады.

● БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

* Алматы қаласының жол желісін тазалау жұмыстары жалпы ұзындығы 2698 шақырымды құрайтын 2318 көшеде жүргізіледі.


* 25 млн шаршы метр аумақта санитарлық тазалауды 10 мердігер ұйым жүргізеді, оның 70 пайызын «Алматы Тазалық» мекемесі тазартады.

* «Алматы Тазалық» жалпы ауданы 16,5 млн м² (Алматы, Бостандық, Медеу – 100%, Түрксіб – 80%, Әуезов, Жетісу – 68%, Наурызбай – 31%) Алматы қаласының 7 ауданына (Алатаудан басқа) қызмет көрсетеді.

* «Алматы Тазалық» мекемесінде 761 мамандандырылған техника болса, оның 619 бірлігі қыс мезгілінде пайдаланылады.



КИНО

ЖАҢА КИНОЖОБАЛАР
таныстырылды

Алматыда киноконтент өндірушілердің, продюсерлердің, дистрибуторлық компаниялардың, селс-агенттердің, кино желілерінің, стримингтік платформалардың, халықаралық кинофестиваль бағдарламашыларының, Еуропа және ТМД елдеріндегі кино саласында қызмет көрсететін компаниялардың қатысуымен Eurasian Film Market халықаралық кино нарығы басталды. Отандық кино саласының бас қаржы операторы болып табылатын Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы кинонарық қатысушыларына өз жобаларын алғаш болып ұсынды.

Досбол
АТАЖАН

Алғашқы болып сөз алған ҰКҚМО басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағали Киноорталық 2019 жылы құрылған сәттен бастап жалпы сомасы 17 млрд теңгеге 100-ден астам киножобаға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілгенін айта кетті. Олардың ішінде 47 толықметражды фильм, 25 де-

ректі фильм, 24 қысқаметражды фильм және 8 анимациялық фильм бар.

«Біз бұл жұмысты жалғастыра отырып, отандық кинонарықты қолдаудың жаңа механизмдерін енгізуді жоспарлап отырмыз. Қазір бізде жүзеге асырылуы керек қысқа және ұзақ мерзімді міндеттер бар. Олар, ең алдымен, қолданыстағы «Кинематография туралы» Заңды, ережелер мен НҚА-ны жетілдіруге қатысты. Сондай-ақ, конкурсқа құжаттарды тапсыру рәсімін де

цифрландыру жоспарлануда», – деді Құрманбек Жұмағали.

Одан кейін жиналған жұртқа ҰКҚМО басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Шөкенов Киноорталықтың прокатқа шығуға дайын кинокартиналарын ұсынды. Олардың ішінде қазан айында Испаниядағы беделді кинофестивальде көрсетілетін Асхат Кучинчирекетовтың «Бауырына салу», Санжар Мәди, Дәурен Серғазин, Асылхан Төлепов, Гүлназ Жоланова сынды тамаша актерлік құраммен ерекшеленетін Данияр Ибрагимовтың «Бүркіт» экшн-фильмі бар.

Сондай-ақ, әйгілі Әділхан Ержановтың «Мүйізтұмсық» атты жаңа жұмысы және Фархат Шәріповтың «А-Студио» әндеріне негізделген ауқымды «Махаббат солдаты» мюзиклі таныстырылды. Бұл жобаға Байғали Серкебаевтың өзі продюсер-кеңесші ретінде тартылған. Сонымен бірге, Максим Акбаров продюсерлік ететін «Жаза» атты сыбайлас жемқорлық туралы экшн-

драмасы және қазақ рәпінің пайда болуы туралы Айтор Жолдасқалидің дебюттік «Шулама» жұмысы көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Сонымен қатар, киноорталық жеке блокта 2022-2023 жылы мемлекет қолдауымен түсірілген фильмдердің трейлерлерін таныстырды.

Eurasian Film Market – бұл киноиндустрияның заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін, өңірлік ынтымақтастықтың шекарасын кеңейтетін және жергілікті, алыс-жақын шетелдің киноиндустриясының бизнес-байланыстарын қалыптастыратын жыл сайынғы форум. Шара аясында киноиндустрияның өзекті мәселелеріне, соның ішінде контентті дистрибуциялау, көрсетілім технологиялары және кино саласындағы халықаралық ынтымақтастық туралы панельдік пікірталастарға арналған бірқатар іс-шаралар жоспарланған. Форум төрт күнге созылады.

ӨНЕР ШЕРУІ

САН ҒАСЫРЛЫҚ МҰРАНЫ САҚТАУШЫЛАР
фестивалі Қала күніне арналады

Ұрпаққа ұлағаты мол сан ғасырлық ұлттық рухани құндылық – аңыз-эпсанаға негізделген сұлу сазды ән-әуендер «Алатау» театрының сахнасында шықалды.

Шаһарымыздағы жыршы-термешілердің республикалық фестивалі Қала күніне арналды. «Алатау» театрында «Ұлағатты сөзім – ұрпаққа» атты жыршы-термешілер фестивалінде көрермен ұлттық өнерді тамашалады. Сахна төрінде еліміздің сан тарабынан арнайы ат арылтып жеткен жыр дүлдүлдері – Сәуле Жанпейісова, Ұлжан Байбосынова, Марат Сүгірбай, Қайрат Көкімов, Ерболат Шалдыбеков, Жәкен Омаров, Күнғожа Қайролла, Оспан Құлсымақ, Күнсұлу Түрікпен, Абай Наурызбекұлы, Аманкос Саздық, Шаттық Уатқан мен Ерсейіт Әлиев өз өнерлерін көрсетіп, халық қошеметіне бөленді.

Мәдени іс-шараны Алматы қалалық Мәдениет басқармасы ұйымдастырды. Ведомство атап өткендей, фестивальдің мақсаты – жас ұрпақ арасында ұлттық өнерді дәріптеу. Сонымен бірге, Алматыда Қала күнін мерекелеу аясында бірқатар іс-шара өтетінін еске саламыз:

Бүгін, сағат 20.00-де Абай алаңында жыл сайынғы «Оркестрлер фестивалі» атты ашық аспан астындағы музыка фестивалі өтеді. Кеше қала тұрғындары мен қонақтары, сондай-ақ Астанада келген ҚР Президенттік оркестрі фестивалінің арнайы қонақтарына арналып «AL JAZZ SYMPHONY» эстрадалық-симфониялық оркестрінің орындауындағы қазақстандық композиторлардың сүйікті әндері шықалды. Бүгінгі репертуар Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі мен «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі қазақ халық композиторларының шығармаларын орындайтын Ұлы даланың фольклорлық інжу-маржандарына арналған.



Іс-шараның демеушісі – Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Bank RBK.

Бүгін, сағат 16.00-де Абай даңғылының қиылысындағы Байсейітова көшесі бойындағы ArtbatFest заманауи өнер фестиваліне экскурсия өтеді. Баспасөз туры кезінде журналистер әртүрлі мүсіндермен, AR-туындылармен, муралдар мен уақытша қондырғылармен танысады. Сонымен қатар, суретшілер мен олардың шығармашылық тұжырымдамалары туралы толық ақпарат ала алады.

16-17 қыркүйекте, сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін Тұңғыш Президент саябағында Apple Fest өтеді, ол екі күнге алып Алма саябағына айналады. Фестиваль бағдарламасында алма базары, қалалық мейрамханалар жәрмеңкесі, спорттық және концерттік бағдарламалар жоспарланған. Облыстық шаруашылықтар сататын алма көлемі, былтырғымен (100 тонна болған) салыстырғанда, 127 тоннаға артты.

17 қыркүйекте Абай алаңында сағат 10.00-де қаланың дамуына ерекше үлес қосқан

алматылықтарды марапаттау өтеді. Бұл құрамда түрлі еріктілер ұйымы өкілдері де бар.

15-17 қыркүйекте, сағат 12.00–20.00 аралығында қаланың 8 ауданы мен Панфилов пен Жібек жолы көшелеріндегі жаяу жүргінші жолдарында «Тұған күніңмен, Алматым!» фестивалі өтеді. Мерекенің жалпы тұжырымдамасына сай, фестиваль бағдарламасы түрлі аймаққа: кәдімгі командалар қойылымы, жас әртістер концерті, көлершілер жәрмеңкесі, заманауи өнер көрмесі, «Кино» кафесінде кино көрсетілімі, жергілікті суретші, дизайнерлердің өнер нысаны, шеберлік сабағына бөлінеді.

16 қыркүйекте, сағат 15.00-де Астана алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Almaty cover show» мерекелік концерті өтеді. Ал 17 қыркүйекте, сағат 16.00-де Астана алаңында «Сағындым Алматымды» музыкалық фестивалі өтеді.

16 қыркүйекте, сағат 17.00-де «Алатау» театрының аумағында «Асыл мұра» ұлттық музыка фестивалі өтеді. Фестиваль кешкі

сағат 20.00-де «Дос-Мұқасан» тобының қатысуымен «Алматы түні» ретро-концертімен аяқталады.

17 қыркүйекте, сағат 10.00-де алаңда қала әкімінің қатысуымен «Алматы қаласының Құрметті азаматы» төсбелгілері салтанатты түрде тапсырылады.

17 қыркүйекте, сағат 19.00-де Абай алаңында «Алматы жұлдыздары» музыкалық фестивалі өтеді.

Соңғы іс-шара – 23 және 24 қыркүйекте, сағат 12.00-ден 20.00-ге дейін Абай атындағы ҚазҰОБТ (МАОБТ) алаңында өтетін «Shaisheik Food Fest» тағам фестивалі болады. Сайтта ересектерге арналған шеберлік сыныбы бар аймақ, ең кішкентай қонақтарға арналған аниматоры бар ойын алаңы, фудкорт, байқау аймағы, ашық аспан астындағы кинотеатр, мереке, ойын-сауық алаңы, концерттік шағын алаң мен фотоаймақтар болады.

Әзірлеген
А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



РЕДАКЦИЯДАҒЫ КЕЗДЕСУ



Алматының «Томирис» әйелдер командасының кәсіби баскетболшы қыздары жақын күндері Сербияға аттанып, халықаралық аренада Қазақстанның намысын қорғайды.

Баскетбол – әлемдегі ең танымал командалық спорт түрлерінің бірі екені сөзсіз. Дүние жүзінің кіл мықтылары жиналған NBA жарысының финалын өткен жылы 12 миллионнан астам адам тамашалаған.

Бұл көрсеткіш қалың көпшілік арасында баскетболға деген қызығушылықтың жоғары деңгейін байқатады. Елімізде де сары-қызыл допқа қызыққандар аз емес. Ер-жігіттер арасындағы кәсіби және әуесқой командалар көп жылдардан бері ішкі біріншілік пен халықаралық жарыстарда бақ сынап жүр. Ендігі кезекте қыздар арасындағы кәсіби баскетболды дамыту үшін Қазақстанның әр өңірінде арнайы әйелдерге арналған командалар ашылып жатыр.

Атап айтқанда, өткен жылы Алматы қаласында қалалық Спорт басқармасының бастамасымен баскетбол бойынша «Томирис» әйелдердің кәсіби командасы құрылды. Бір жыл ішінде әйгілі Томирис патшайымның

«ТОМИРИС»

«Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» басылымдарының амбассадоры атанды



атын алған баскетболшы қыздар беделді жеңістерге жеткен. Оның ішінде өткен айдың 13-ші жұлдызында Астана қаласында өткен іріктеу турниріндегі жеңісті ерекше атап өтуге болады. Ішкі іріктеуде үздік болған алматылық қыздар жақын күндері Сербияға аттанып, халықаралық аренада Қазақстанның намысын қорғайды.

– Бұрын «Отырар» баскетбол командасына қарайтын «Томирис» баскетбол командасы болған. Алайда, бұл жоба ұзаққа бармай жабылып қалды. Араға 20 жыл салып 2022 жылы Алматы қаласының әкімдігінің қолдауымен «Томирис» командасы қайта жанданды. Осы уақыт аралығында қаламызда әйелдер баскетболы мүлдем болмады деуге болмайды. Тек қазіргі таңда спорт әуесқойдан кәсіби кейіпке ауысты. Біз команда құрылған сәттен бастап, баскетболды дамытудың 2 бағытын таңдадық: классикалық баскетбол – 5х5 және 3х3 форматы. Қазіргі таңда команда басшылығы жас спортшыларды қолдауға аса мән береді. Баскетболшы қыздарымыздың орта жасы 16–19 жас деуге болады. Дегенмен, қатарымызда тәжірибелі спортшылар да жоқ емес. Осы маусымға командамызға сырттан 2 легионер қосылды. Сондай-ақ, халықаралық жарыстардан тәжірибесі бар баскетболшымыз – Елизавета

Митинаны сапымызда сақтап қалдық, – деді «Томирис» кәсіби баскетбол клубының директоры Балауса Алпысбаева.

Классикалық баскетболдан 2022/2023 маусымының нәтижесі бойынша алматылық қыздар плей-офф кезеңіне дейін жеткен. Одан бөлек, команда жетістіктерінің қатарында 18 жастан асқан баскетболшылар арасындағы 3х3 жарыстан ҚР Кубогының қола жүлдесі, 18 жасқа дейінгі 3х3 жарыстан ҚР Кубогының күміс жүлдесі және 3х3 форматы бойынша ҚР біріншілігінің чемпиондығы, сонымен қатар ішкі іріктеу турнирінің жеңісі бар. Клуб директорының айтуынша, алматылық команда 3х3 баскетбол жарысында республика бойынша көш бастап тұр.

– Көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан баскетбол клубтарда қалыптасқан жүйе бар. Олар дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарымен тығыз байланыс орнатқан. Спорт мектептерінің баскетбол бөліміндегі ер балалар ары қарай қайда, қалай баратынын нақты біледі. Бірақ біраз уақыт бойы баскетболшы қыздарда мұндай мүмкіндік болмады. Сондықтан біз қыздар үшін нақты құрылым қалыптастыруға тырысып жатырмыз. Бүгінгі күні командамызды күшейту үшін өзге қалалардың және шетелдің баскетболшыларына назар аударып

Алматылық баскетболшы қыздар «Alatau Aqparat» ЖШС-нің атын шығарып, «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» басылымдарына амбассадор болады.

отырғанымыз жасырын емес. Мысалы, тамыз айындағы іріктеу турниріне біз Тамила Жақыпованы «Иртыш» клубынан арнайы шақыртумен алдырдық. Тамила өзге қыздарымызбен бірге Сербияда Қазақстан намысын қорғап, жарыс аяқталған соң, өз клубына қайтып оралады. Сондай-ақ, осы маусымға команданың бас бапкері ретінде литвалық жаттықтырушы тағайындалды. Болашақта «Томирис» командасының атынан толықтай Алматыда тәрбиеленген қыздар өнер көрсетеді деп үміттенеміз. Және де команда құрамында бақ сынап, спорттық мансабын аяқтаған баскетболшы қыздарды бапкерлікке шақыру да жоспарда бар, – дейді Балауса Алпысбаева.

Қазіргі сәтте «Томирис» командасы тек Алматы қаласының емес, барша Қазақстан намысын қорғап, Сербияда өтетін халықаралық жарыстан жеңіспен оралуды мақсат етіп отыр. Команда сапында Алтыншаш Зинабдин, Аделя Мустафина, Елизавета Митина және Тамила Жақыпова өнер көрсетеді. Айта кеткен жөн, «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары Гүлжазира Сайдахмедованың ұсынысымен аталмыш халықаралық жарыстан бастап алматылық баскетболшы қыздар «Alatau Aqparat» ЖШС-ның атын шығарып, «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» басылымдарына амбассадор болады.

Осы орайда, «Томирис» баскетболшылары қонақжай «Alatau Aqparat» шаңырағына келіп, Бас директор Ержан Қалымбайұлының қабылдауында болды. Кездесу барысында баскетболшы қыздарға арнайы сыйлықтар табысталып, редакция серісі Естай Божан әннен шашу шашты. Өз кезегінде Ержан Қалымбайұлы «Томирис» командасына алдағы жарыстарда жеңіс тіледі. «Алматы ақшамы» редакциясы да баскетболшы қыздардың Еуропаның төрінде, барша әлемнің алдында Көк туымызды желбіретіп, ірі жеңістерге жетулеріне тілектес.

ФЕСТИВАЛЬ

ӘЛЕМ ВОКАЛИСТЕРІ АЛМАТЫҒА ЖИНАЛДЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Бибігүл Төлегенованың XII Халықаралық вокалистер байқауы басталды. Ару Алматыда алдағы Қала күні мен Абай атындағы Ұлттық академиялық опера және балет театрының 95-маусымының ашылуына орай Бибігүл Төлегенова атындағы XII Халықаралық вокалистер конкурсы өтіп жатыр.

Байқаудың ресми ашылу салтанаты 11 қыркүйек күні Абай атындағы ұлттық академиялық опера және балет театрында өтті. Конкурс қыркүйектің 17-сіне дейін жалғасады.

«Бибігүл Төлегенованың XII Халықаралық вокалистер конкурсы әрдайым алматылықтар мен оның қонақтары үшін үлкен мерекеге айналды. Музыка – халықтың асқақ рухының тілі. Ендеше, қазақтың дархан даласын музыкамен құбылта білу, қазақ композиторларының қайталанбас туындыларын шебер орындау арқылы халықтың рухани тілін бүгінгі буынға сіңірумен бірдей. Бұл ретте Бибігүл Төлегенованың XII Халықаралық вокалистер конкурсы-

ның халықтық мәдениетті, ұлттық классикалық өнерді көтеруге қосып келе жатқан үлесі зор», – дейді байқау ұйымдастырушылары.

Ал Люксембургтан арнайы келген жюри мүшесі, халықаралық конкурстардың лауреаты, әлемдік опера ханшайымы Елена Заремба байқау туралы:

– Бибігүл Төлегенованың Халықаралық вокалистер конкурсы – халықаралық және жоғары деңгейлі жастар үшін ең үлкен классикалық музыка байқауы. Яғни бұл байқау жаңа таланттарға жол ашады. Қатысушыларға өздерінің шығармашылық әлеуетін паш етуге мүмкіндік береді. Кәсіби тәжірибелік тұрғыда өздерінің шеберліктерін

шыңдайтын, классикалық өнерде жоғары деңгейге шығуға жол ашатын алаң, ал өнер жолын жаңа бастап келе жатқан орындаушыларға алғашқы кәсіби алаң деуге болады, – деді.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның әр түкпірінен, алыс және жақын шетелдерден конкурсқа қатысу үшін Алматыға опералық өнердегі жас вокалистер жиналды. 11 елден келген қатысушылардың саны биыл 73-ке жетті. Талап бойынша конкурсқа 1988 жылдың 1 қазанынан кейін және 2004 жылдың 1 қазанына дейін дүниеге келген азаматтар қатысады.

Байқау форматына сай іріктеуден өткен қатысушылар финалдық кезеңде өнер көрсетеді. Барлық тыңдаушы өкілдерімен нақты біледі. Орындаушылардың қатысу реттілігі жеребе арқылы анықталып, байқау аяқталғанша сақталады. Финалға жарыста іріктелген 14 қатысушы өтеді.

Қатысушылардың өнерлерін жоғары мәртебеге ие кәсіби қазылар алқасы бағалайды. Олардың қатарында Италия, Люксембург, Чехия, ҚХР және Қазақстанның әлемдік деңгейдегі опералық өнер майталмандары бар. XII Халықаралық вокалистер конкурсының қазылар алқасының төрайымы КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, академик – Бибігүл Төлегенова.

Байқаудың ұйымдастырылуына Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрілігі, «Мирас» қоғамдық ұлттық мәдениет қоры» қоғамдық бірлестігі және Алматы қаласының әкімдігі үлкен қолдау көрсетіп отыр.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Алматыда Қала күні қарсаңында БАҚ өкілдері мен қоғам белсенділерін марапаттау рәсімі өтті.

VECHER.KZ – ҮЗДІК АҚПАРАТТЫҚ САЙТ

Республикалық Достық үйінде Өңірлік коммуникациялар қызметі жариялаған байқау жеңімпаздары марапатталды. Айта кеткен жөн, бір ай бұрын қаланың дамуына ерекше үлес қосқан қалалық және республикалық БАҚ өкілдері мен белсенді қоғам өкілдерінен өтініштер қабылдау басталған болатын. Аталмыш марапат мақсаты – Алматы қаласының дамуы туралы үздік жарияланымдар, репортаждар, БАҚ және әлеуметтік желілердегі сюжеттер авторларын, белсенді қоғам қайраткерлерін көтермелеу.

– Алда оңтүстік астанамыз – Алматыда Қала күні тойланғалы жатыр. Осындай тамаша күн қарасаңында қала әкімдігі журналистер мен белсенділердің еңбектерін елеп, арнайы марапаттап жатқаны көңіл қуантады. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймын, – деді Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев.

Төрешілер номинациялар бойынша 10 жеңімпазды анықтады. Олар:

- 1) Алматы туралы жазатын үздік журналист – Baribar.kz журналісі Таңшолпан Бегалықызы;
- 2) Алматының ең белсенді қо-

ғам қайраткері – Алматы қаласының Азаматтық Альянс төрағасы Қайыржан Абдыхалыков;

3) Қаланың ең белсенді қоғамдық ұйымы – «Qamqor charity» қоғамдық қоры;

4) Үздік алматылық блогер – Дмитрий Байназаров.

5) Алматы туралы үздік видео авторы – «Қазақ газеттері» журналісі Досжан Балабекұлы.

6) Алматының ең белсенді жастар көшбасшысы – «Қазақстандағы Ұйғыр жастарының одағы» РҚҚ төрағасы Рустам Қайрыев.

7) Алматы туралы үздік телеграм-канал – Almaty Today.

8) Үздік алматылық паблик – «Давай сходим».

9) Алматы туралы үздік YouTube/TikTok-канал – «Алматы» телеарнасы.

Сондай-ақ, Алматы өмірінен хабардар ететін үздік ақпараттық сайт номинациясы бойынша «Alatau Aqparat» шаңырағының астында бірге қызмет ететін әріптестеріміз – «Вечерний Алматы» газетінің сайты жеңіске жетті.

Жеңіс құтты болсын, әріптестер!

**Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

Қоғамда баланың қауіпсіздігі туралы көп айтылады. Өйткені, баланың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін түрлі жағдайлар болып жататыны жасырын емес. Осындай өкінішті жағдайлар орын алмас үшін, қашан да жіті қимылдап, оның алдын алған жөн. Қазіргі кезде сол айтылып жүрген мәселелер қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асып, қаламыздың білім мекемелерінің қауіпсіздігі басты орынға шықты.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА



Осы ретте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 208 мемлекеттік мектеп пен 8 интернатқа толықтай қауіпсіздік жүйесін енгізу қолға алынып отыр. Ендігі жерлерде бұл мекемелерде толығымен турниктер, бейнебақылау камералары, дабыл түймелері, өрт қауіпсіздігі жүйесі және т.б. құрылғылар толықтай қамтылатын болады. Жалпы, баланың қауіпсіздігі үшін қолға алынып жатқан жұмыс ұзаққа созылмауы керек. Сондықтан аталмыш жоба осы жылдың соңына дейін толығымен аяқталатын болды. Білім мекемелеріне орнатылып жатқан

кешенді қауіпсіздік жүйесі – бұл ішкі және сыртқы бейнебақылау, кіруді бақылау және басқару, екі жақты байланыс, қауіпсіздік және өрт дабылы сияқты мәселелер.

Аталмыш жүйені құрудағы басты мақсат – Алматы қаласының білім беру мекемелерінде қоғамдық қауіпсіздік деңгейін, құқықтық тәртіпті арттыру. Өз кезегінде бұл бейнебақылаулар арқылы кез келген құқықбұзушылық пен қауіпсіздік туралы тиісті мекемелерді уақытылы хабардар етіп, ММ-де қауіпсіздікті ұйымдастыру және қолдау жөніндегі шешімдерді қалыптастыру сияқты жедел ақпаратты

қамтитын болады, – дейді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуезханқызы.

Бұған қоса, Алматы мектептеріне орнатылып жатқан бейнебақылау камералары жоғары сапасымен де ерекшеленеді. Бұл құрылғылар ең алдымен, функционалдығы жоғары сапада әрі суреттерді егжей-тегжейлі түсіруге мүмкіндік береді. Ондағы деректер бірден интернет желісі арқылы серверге, дербес компьютерге немесе кез келген басқа да құрылғыға бірден беріледі. Тағы бір ерекшелігі – инфрақызыл жарықтандырудың арқасында түнде 30 метр қашықтықтың түсіру мүмкіндігі бар. Бейнекамералардағы жазбалар жойылып кетпей, 30 күн бойына сақталады.

Қазіргі таңда қала мектептеріне барлығы 6739 камера орнатылса, олардың 4193-і мектептің ішінде, ал 2546-сы төңіректі бақылау үшін сыртқа орнатылған. Сонымен қатар, мемлекеттік мектептердің барлығы да мамандандырылған күзет қызметін шақыру мүмкіндігі бар дабыл түймесімен толықтай жабдықталған.

Сонымен қатар, Алматы қаласының 459 мемлекеттік білім беру ұйымы 16 299 камерамен жабдықталса, олардың ішінде 193 балабақша 7344 камерамен жабдықталған. Сондай-ақ, 15 интернаттық мекемеде 277 камера, 20 колледжде 1503 бейнебақылау орнатылған. Қазір қаланың 459 білім беру ұйымында 678 дабыл түймесі орнатылып, 254 білім беру мекемесінде мамандандырылған күзет қызмет көрсетеді. Осылайша қаланың барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау камераларымен жабдықталды. Әрі барлық камералар мен дабыл түймелері жергілікті полиция бөлімдеріне тікелей қосылған. Сонымен қатар, 120 білім беру ұйымында турниктер орнатылды, 92 білім беру ұйымында конкурстық рәсімдер өткізіліп жатыр.

Өздеріңіз көріп жүргендей, мектептің кіреберісіне орналасқан Face ID қауіпсіздік жүйесінің базасына енгізілмеген бала немесе бөтен адам ғимаратқа кіре алмайды. Бөтен адам кірмекке ұмтылса, онда күзет бекетінде «бөтен адам» бейнеленеді. Мұндай жағдайда күзет қызметкерлері бұл адамның кім екенін және мектепке қандай мақсатпен келгенін анықтай алады.

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР!

ҮНЕМ МӘДЕНИЕТІ



Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ бен металдан кем емес екені айтылған еді.

Онда Президент елімізде суды үнемді пайдалану мәдениеті жоқ екендігі туралы баса айтты. Оқу-ағарту министрлігі осы жолғы Жолдауды басты бағытқа алып, мектептердегі тәрбие жұмыстарын күшейтуге баса назар аударып отыр. Осыған орай, оқушыларымыздың арасында суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыруды күшейтетін жеке бағдарлама қабылданатын болды. Елімізде су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме айналысуы қажет екені айтылып, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Бұған қоса, министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтін болды. Осылайша елімізде мектеп оқушыларының бойында суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған арнаулы оқу бағдарламасы қабылданып, суды үнемдеу сабақтарда, қосымша және мектептен тыс іс-шараларда қарастырылатын болды.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Бұл – қоғамды адамгершілікке үндейтін қасиет

Балалардың құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясына Түрксіб ауданындағы №198 мектеп ұжымы да белсене қатысып жатыр. Аталмыш ұжым қызметкерлері әлеуметтік аз қамтылған отбасына көмек қолын созып, елдіктің үлгісін танытып отыр.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Өсте, адам баласы қашаннан қамқорлықты қажет ететін жандарға қолұшын беру арқылы жақсылыққа қадам жасайды. Осы ретте жүрегі жомарт, қолы ашық жандардың қашан да еңсесі биік, жүзі жарқын екенін көріп, олардың ізгі амал көрсетуі оқушы жанына қуаныш сыйлап, қоғамды адамгершілікке үндейтін қасиет екеніне тәнті боласыз. Осындайда «Жақсылық қылсаң – жасыр, жақсылық көрсең – асыр» демекші, қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, қолдан келген жәрдемін ұсынған адал пейілді жандардың

арамызда әлі де бар екендігі бізді ерекше қуантты.

Жаңа оқу жылы қарсаңында аудандық әкімшілік мектептің 44 оқушысына сөмке мен оқуға қажетті құрал-жабдықтар табыс етсе, демеушілер 100 футболка, 20 сөмке, 26 оқушыға мектеп формасын, тағы да ата-ана қамқорлығынан тыс қалған екі оқушыны тегін тамақпен қамтамасыз етілуде.

Мектеп ұжымы әлеуметтік аз қамтылған оқушыларға көмек көрсеткен демеушілерге үлкен ризашылығын білдіріп отыр.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

БІЛІКТІЛІК САНАТЫ

Елімізде 220 мыңнан астам педагог жалақысына 50%-ға дейін қосымша ақы алады

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің дерегіне сүйенсек, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 4 жыл ішінде педагогтердің жалақысы 100%-ға, яғни, екі есеге артқан. Сондай-ақ 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру педагогтерінің еңбекақысы 30%-ға көбейтілген. Елімізде 350 мыңнан астам педагог еңбек етуде. Олардың 220 мыңнан

астамы аттестация қорытындысымен тағайындалған біліктілік санаты үшін жалақысына қосымша ақы алады. Мәселен, педагог-шеберге – 50%, педагог-зерттеушіге – 40%, педагог-сарапшыға – 35%, педагог-модераторға – 30% қосымша ақы төленеді. Елімізде барлығы 73 820 педагог-модератор, 81 168 сарапшы, 71 141 зерттеуші, 3482 шебер бар.

СЫН МЕН САПА

ОҚУЛЫҚТА ОЛҚЫЛЫҚ БОЛМАУЫ ТИІС

Білімнің негізі бастауышта дейміз. Сол бастауыштан бастап, білімнің тереңіне бойлаған баланың іргетасы мықты болады. Білімнің терең де таза болуына, әлбетте, оқулықтың қосар маңызы зор. Қазір оқулық төңірегінде әңгіме көп. Әсіресе, сын көп айтылып жатады.

Мемлекет басшысының «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» бойынша бірыңғай мектеп оқулықтарын даярлау-

ды тапсыруы да осы мәселеге нүкте қойған сыңайлы. Жалпы, әлемдік тенденцияны ескере отырып, математика, тіл, информатика секілді басымдықты пәндерге ерекше мән берген жөн. Оқулықты дайындауда нағыз мамандар тартылып, мазмұнына мән берілсе, сосын бір емес, бірнеше мәрте сүзгіден өтсе, бұл төңіректенің дау да, сын да азаяр еді.

Тарихи оқиғалар мен фактілердің оқушыларға бұрмалаусыз жеткізілуі де оқулық сапасын арттырады сөзсіз.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

ЖАНКЕШТІ
ЖАҚЫПОВ

Бар саналы ғұмырын жұрт жұмысына
жұмсаған жандардың ісі елі барда
ұмытылмақ емес

Алматыны басқарған қай басшы болсын тегін адам емес. Өйткені, олар үлкен өмір мектебінен өтті. Қызметте меритократиялық жолмен өсті. Әдетте ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті зор болып тұрып, еңбекқорлық қасиет жетіспей жатуы да әбден мүмкін. Бір тәнті ететіні, Алматыны басқарғандардың қай-қайсысы да іскер және бар бақытын да, барақатын да еңбектен тапқан. Олар елді, жерді сүюді өзінің жанкешті еңбегімен дәлелдеген. Еңбек кісі бойындағы көп кемшіліктерді жоюына әбден көзі жеткен. Сондай жанкешті жанның бірі Әнуар Жақыпов еді.

Сол кездегі орта 1978 жылы Алматыға сөздің емес, істің адамы басшылыққа келді деп қуанды. Бір атап айтарлығы, ол тұстағы басшылардың басым бөлігі қай қырынан алсаң да аузы дуалы, сөзі уәлі, елді өзіне қарата білген, өз ортасында, қоғамда мойындалған тұлға болды. Жоғары лауазымды қызметтерге қойғанда осы қасиеттері айрықша ескерілді. Тағы да бір атап айтарымыз, ол заманда үлкен қызметке қазіргідей тура жолмен емес, от пен судан, талай тар жол, тайғақ кешулерден өтіп барып, әлгінде айтқанымыздай, меритократиялық, яғни түрлі басшылықтарда тәжірибе жинап, сатылап өсетін. Әнуар Жақыпов та сол жолдан өткен білікті де білгір кадр еді. Сөзіміздің айғағы ретінде оның өмір жолын көктей шолып өтуге болады.

Ол 1944 жылы орта мектепті бітірген соң, Есіл стансасында вагонның техникалық бақылау слесарі болып алғашқы еңбек жолын бастады. 1954–1957 жылдар аралығында Ташкенттегі теміржол көлігі институтын тәмамдаған соң Атбасар стансасында жүк бөлімінің бастығы, одан соң Жамбылда бөлім басшысы болды. Осы қызметтерде ол ысылып, тұңғыш рет астықты тасымалдаудың ауқымдылығын арттыру жолында үлкен тәжірибеден өтіп, жас маман ретінде өзін өзге қырынан көрсете білді. Осы еңбегі ескеріліп, 1960–1964 жылдары Қазақ темір жолы Ақмола облыстық бөлімі бастығының орынбасары болып жоғарылатылды. Оның осы еңбекқорлық, жаңашылдығы әсіресе, Тың өлкесінде астық жинау науқаны кезінде жарқырап көрініп, Дінмұхамед Қонаевтың көзіне түсті. Арада көп уақыт өтпей, ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Көлік және байланыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. Содан Әнуар Жақыпов Автомобиль көлігі министрі болып, осы қызметте аттай тоғыз жыл отырды. Міне, тұлпарлығын тай кезінен таныған Димекең оны Алматыға басшы етіп тағайындарда тоғыз жылда тоғыз министрдің жұмысын бір өзі атқарды деп баға берген екен.

Қаланың дамуында тұрақтылық болып, әр салада өсу қарқыны байқалған жағдайда тұрғындардың да өсімі, сонымен қатар басшыға деген сенімі де артады. Жақыповтың кезінде Алматы халқының саны 900 мыңнан асып, былайша айтқанда демографиялық дүмпу болды.

Бұған дейін жазғанымыздай, Ахмет Әділов, Есен Дүйсенов сынды ел басқару ісінде ұлттық ұстанымдарға көп арқа сүйеп, небір бас кететін сұрапыл жиындарда елдік мәселелерді шешуге келгенде шашасына шаң жұқтырмаған басшылардың мектебінен өткен бұл кісі жөнінде де әріптестері әрқазірі өзін ақжарма пікірін де жасырып қала алмады. Соның бірі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы болған Сағидолла Құбашев ағамыз да Өнекеңмен жиі араласып, талай сынақтан бірге өткен. Ол кісі көзі тірісінде әріптесі туралы «Алматы ақшамына» берген сұхбатында былай депті.

– Өнекең мамандығы – теміржол инженері, қатардағы жұмысшыдан Орталық Қазақстан темір жолы басқармасының бас инженеріне дейін өскен. Орталық партия комитетінің көлік және байланыс бөлімі меңгерушісі ретінде бүкіл республика көлемінде ауқымды жоспарларды іске асырған. Өнекеңнің автокөлік министрі қызметінде істеген еңбегі зор. Бұл кезеңде кіші қалалардың, барлық аудан орталықтарының, совхоз, колхоздардың халқының саны өсіп, өндіріс, шаруашылықтардың жан-жақты өркендей бастаған, қатынасқа, көлік қызметтеріне талап, сұраныс көбейген кез еді. Осы тұрғыдан келгенде, тұрғын саны 1 миллионға жуықтаған астанамызда көлік мәселесін шешу кезек күттірмейтін мәселе еді. Міне, осы тұста қалаға бұл саланың бүге-шігесін жақсы білетін Жақыповтың басшылыққа тағайындалуы дұрыс шешім болды. Басқасын былай қойғанда, шаһардағы көлік тасымалы мәселесі оң шешімін тапты. Аз уақыттың ішінде 6 автобус паркі, 4 трамвай және троллейбус депосы тұрғындарға сапалы қызмет жасады. Жолаушыларға 1335 шақырым қашықтықта қызмет көрсетіліп, тасымал көлемі 1,5 миллион адамға артты. Бұл, әрине, айта салғанға ғана жеңіл. Шын мәнінде нағыз жанкешті жұмыс еді. Міне, осындай үлкен тәжірибе алаңынан шыққан Өнекең кейін Автокөлік министрі болған кезде де республикада 100-ден аса жаңа типтегі сол кезең сұранысына арналған автобазалар тұрғызып, елді тығырықтан шығарып, бар қиындық оңтайлы шешімін тапты. Республикада жолдар салынып, автобустар, ауыр жүк машиналары, әсіресе, село халқының тұрмыс жағдайын бұрын-соңды болып көрмеген мүмкіндіктерге жеткізді деуге болады. Бұл шынын айтсақ, шалғайда жатқан қазақ ауылдарының тіршілігіне үлкен бетбұрыс алып келді. Менің пайымдауымша, әрі көп жыл қоян-қолтық жұмыс істеп, әріптес болғаннан кейін бе, ел қамы үшін күн-түн бел шешпей қызмет жасаған екі министрді айрықша атап өткім келеді. Әбдіразақ Елібаев пен Әнуар Жақыповты ел ешқашан ұмытпайды.

Рас. Бар саналы ғұмырын жұрт жұмысына жұмсаған Жақыповтай жанкешті жандардың ісі елі барда ұмытылмақ емес. Көрнекті қайраткер бағасы осындай тұжырымға табан тіретеді.

Қ.ҚОШҚАРУҰЛЫ.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

1963 жылдың күзіне қарай Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматыда қазақ зиялыларын елең еткізген ерекше оқиға болды. Белгілі қазақ қаламгері, классик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің алдына қырықтың қырқасынан енді ғана асқан бір жігіт кіріп келген. Ғабен ол кезде зиялы қауымның ұйытқысына айналып отырған үлкен орталықтың бірі – Жазушылар үйінде, Қазақстан Жазушылар одағын басқарады. Ол уақта үкімет пен партияның беделінен гөрі ақын-жазушылардың беделі анағұрлым жоғары. Қарапайым жұрт үкімет пен партияны көбіне қорыққаннан сыйлайтын. Ал ақын-жазушыларды елінің еркесі мен серкесі деп білді. Бар құрметін соларға көрсетіп, қашанда аузына қарап отырған.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СУРЕТІ

Қазақ зиялылары ұлтымыздың тарихындағы
ақтаңдақтардың құпия сырларын ашуға
көп еңбек сіңірді



Тәжірибе алмасып, білімін жетілдіруге 4 айға Америка Құрама Штаттарына барып қайтқан Онкология және радиология институтының үлкен жауапты қызметкері, дәрігер-ғалым Сайын Балмұханұлының Ғабит Мүсіреповке баруы да осының айғағы еді. Елдегі бар билікті өзінің ғана қолында ұстаған Коммунистік партияның кезінде қарыс қадам қиғаш басуға болмайтын. Бір қадам қиық бастың екен, алды-артына аңдушы салып қояды. Үш адамның бірін «үш әріптің» адамы деуге болатын заман еді. Ал өзге әлеммен ат құйрығын кесіскендей, шекарасын тарс жауып алған Кеңес өкіметі үшін ол кезде Америка Құрама Штаты №1 жау болатын. Ғайыптан тайып мұхиттың арғы жағындағы елге барып қайтқан Сайын Балмұханұлы сияқты жандармен сөйлесуден көп жұрттың қашақтайтыны сондықтан еді. Оның үстіне, дәрігер-ғалым жасырын түрде АҚШ-тан «халық жауларының» бейнелерін әкелген болатын.

– Алдында, көрген-білгендерімді айтайын, әкелген қазынамды көрсетейін деп, Орталық Комитеттің хатшысына кірген болатынмын. Ол кісі мені тыңдағысы келмегендей сыңай танытқан соң мен шығып кеттім де, Жазушылар одағының төрағасына бардым. Ғабенмен бір-екі рет кездесем, танытын еді, сөзімді түгел тыңдады. Америкадан алып келген Мәжіттің суретін көрсеткенімде, «Ойтыр-ай, бұл жігітті білуші едім, жап-жас талантты жігіт болатын» деді. Ал Сәкеннің суретін көріп қуанып, «Мына жерде өзі тіпті сұлу зой» деп, кейін сол суретті кілемге салғызды, – дейді «халық жауы» атанғандардың суретін әкелген Сайын Балмұханұлы.

Сайын Балмұханұлы Нью-Йорктағы Колумбия университетінің кітапханасында Азамат Алтай деген қырғызбен кездесіп қалған. Оның шын аты Құдайберген еді. Құдай берсе бергендей екен-ақ. Алдында, Америкаға Өуезов келгенде, қасынан бір елі қалмай, аудармашы болып жүрген қырғыз Ұлы Отан соғысы кезінде қолға түсіп, АҚШ ауып кетіпті. Америкаға келген Өуезовті әке деп санаған. Өуезовтің ілтипаты тиіп, тіпті ол жоғары қызметке тағайындалады. Сайын Балмұханұлына ол Абылай ханның да суретін берді. Өмір деген қызық.

Қазақтың бір ханын бір қырғыз өлтірсе, бір ханын бір қырғыз қайта тірілген. Қазақтың соңғы ханы Кеңесары қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан еді. Көзі тірі кезінде классик-жазушы атанған ұлы суреткер Ғабит Мүсірепов Абылай ханның суретін әкелгенін естігенде, Сайын Балмұханұлына үйге барып әңгімелесейік деген. Телефон шалып, қабырғалы қаламгерлердің біразын үйіне шақырады. Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы, сыншы-ғалым Мұхамеджан Қаратаев ең соңынан келген. Дәрігер-ғалым Сайын Балмұханұлы бірінен кейін бірі келіп жатқан ақын-жазушылардың әрбіріне болған жайды қайта-қайта айтып беріп отырды. Сурет туралы екі болжам бар деген.

– Бір болжам – Құдайбергеннің болжамы. Кезінде қалмақтарға орыстар қару-жарақ беріп, бізді қырып жібергені белгілі зой. Сол уақтарда қазақтар да құралақан жүрген жоқ, зеңбіректерін тартып алып, бір швед офицерін қолға түсірген. Ол Абылай ханның, тағы көп кісінің портреттерін жасайды. Сонымен бірге, Ұлытауда зеңбірек құюды үйреткен. Оған Абылай хан риза болып, оны Ташкент арқылы Тегеранға шығарып салуға қасына 25 кісі ертіп жібереді. Бұл болжам Швецияда да бар екен, – дейді елімізге Абылай ханның суретін алып келген Сайын Балмұханұлы.

Абылай ханның суретін әкеліпті деген әңгіме ауыздан-ауызға бірден тарап кеткен. Қазақтың маңдайына біткен талантты ұлдарының бірі, белгілі сәулетші Шота Уәлихановты бұл жаңалық ерекше елең еткізеді. Мүсінге жан кіргізіп, сәулетке сән беріп жүрген ол Абылай хан бабасын көруге Ғабене барды. Сайын Балмұханұлының АҚШ-тан әкелген кітаптарының ішінен Мәжит Айтбаевтың

«Абылай» поэмасын көріп, ондағы Абылайдың суретіне айрықша мән берген.

Өткір жанары мен ойлы жүзінен ерекше ақыл-парасаттың лебі сезілетін қолдан салынған Абылай хан суреті бейнелеу өнерінің хас шебері Шота Уәлихановқа бірден ұнаған. Алайда, мұны мен қайдан көріп ем деген ойдың құшағына беріледі. Бұрыннан таныстай болып көрінген бейне көңіл төрінде сақталып қалды. Оның сырын зерттей келе өзі кейінірек біледі. Бұл сурет қолда бар Шоқан Уәлихановтың бейнесіне қарап салынған деген болжам. Бұл Абылай ханның суреті туралы екінші болжам еді.

– Немістердің қолына тұтқынға түскенде Мәжит Айтбаевпен Хамза Абдуллин бірге болған. Сол айтқан, кітап шыққанда мен де бар едім, бұл суретті Мәжит салды дейді. Бірақ мен оған дейін Мәжит сурет салады дегенді естіген жоқ едім. Суретті зерттей отырып мен мынадай қорытындыға келдім: Бұл сурет, әрине, Абылай ханның суреті, қолдан жасалған дүние. Бұны жасағанда Шоқан негізге алынған. Салыстыра отырып қарасаңыз, Шоқанның бет-әлпеті, мұрты дәл келеді. Оған ақыл қосқан, басына киім кигізген. Жалпы, Мәжит Абылай есте қалсын деген жақсы ниетпен Шоқанды негіз етіп алған сияқты, – дейді Шота Уәлиханов.

Ол заманда жазбақ тұрмақ, Абылай хан туралы шындықты айтудың өзі мүмкін болмаған. Кезінде патшалы Ресейдің саясатына мойынсұнбай кеткен Абылай ханды тоталитарлық жүйе – Кеңес өкіметі де жоққа шығарып бақты. Алайда, қазақ зиялылары ұлтымыздың тарихындағы ақтаңдақтардың құпия сырларын ашуға жасырын түрде кірісіп жүрген. Әсіресе, заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов Абылай хан туралы деректер жинауға қатты ден қояды.

– Әбділда Тәжібаевтың естеліктерінде бір әңгіме бар, Шахмет Құсайынов екеуін Мұхтар Әуезов шақырып алып, өзінің Абылай хан туралы кітап жазуға кірісетінін айтқан. Арада күндер өтіп, жылдар артта қалғанда, роман жариялана бастаған. Бірақ ол Абылай туралы емес, Абай туралы еді. Сондағы ол кісінің айтатын деп отырғаны – ол кезде Абылай туралы жазу мүмкін емес еді, – дейді Шота Уәлиханов.

Жақсыға да, жаманға да әйтеуір бір нәрсе себеп болып жатады. Біз айттып отырған әңгіменің басы 1963 жылғы ақпандағы оқиғада жатыр. КСРО-дан АҚШ-қа барған төрт профессорды, ең алдымен, біздің сол елдегі еліміз қабылдайды. Сыртта жүрген елшінің оң көзқарасы Сайын Балмұханұлының қырғыз азаматымен кездесуіне себеп болған.

– 1963 жылы КСРО-дан АҚШ-қа төрт профессор оқуға бардық. Онда біздің еліміз қабылдап, менің қазақ екенімді білген соң, «Төлеген Тәжібаевты білесің бе?» деп сұрады. Мен оны жақсы білетін едім, елші қуанып кетті. Екеуі бұрын бірге істеген екен. Содан не керек, менің соңыма Қауіпсіздік Комитетінің аңдушыларын салмайтын болды. Баратын жағына еркін барып жүре бер деп, рұқсат берді, – дейді Сайын Балмұханұлы.

Өз еліміздің азаматтарын шетелде жүргенде өзге елдің тыншылары емес, өзіміздің адамдар аудитын болған. Жоқ жерден жау тауып алатын заман солай еді. Екі елдің шекарасын қиып өту тозақтың қыл көпірінен өткенмен бірдей-тін. Болашақ қамын ойлаған ержүрек ғалым Сайын Балмұханұлы тексеру кезінде төрт кісінің суретінің негативін ұларағының астына салып тығып өткен.

Әнуарбек ИСЛАМХАНҰЛЫ.



МАМАН КЕҢЕСІ

АУРУДЫҢ ӨРШУІНЕ
ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!

Дәл осы кез адам ағзасының өзгерістерге жиі ұшырайтын мезгілі. Күз келісімен түрлі аурулардың белең алып, күшейіп кететін әдеті емес пе? Әсіресе, аллергиясы бар адамдардың мазасы кетеді. Бұған қоса, қоғамдық көліктерде жөтелген, түшкірген адам көрсе кірпідей жиырыла қалатындардың да саны арта түскен. Біз №16 қалалық емхананың дәрігері Бақытжан СЕМБЕКОВАҒА хабарласып, күзде қандай ауру түрлерінің көбейетіні туралы сұраған едік.

Маманның айтуынша, күзде вирустық инфекциялар кезеңі басталады. Тіпті, осы кезде басталатын ЖРВИ мен тұмау көктемге дейін созылатын көрінеді.

– ЖРВИ және тұмау дәл осы кезеңде аурудың ең көп тараған түрі. Күзде әсіресе, аллергия күшейе түседі. Өйткені, осы кезде ауа құрғақ және салқын болады. Сонымен қатар, жапырақ түсетін кезеңнің де адамға тигізетін өзіндік әсері жоқ емес. Дәл осы кезең аллергиялық реакцияның жоғарылауын күшейтеді. Сондықтан аллергиясы бар адамдарды бірден байқауға болады. Өйткені, аллергияның белгілері бірден көрінеді. Мәселен, адамның мұрны бітеліп, жөтел пайда болып, жиі-жиі түшкіреді, сосын көзі мен мұрны қышиды. Егер сізде осындай белгілер пайда болса, кеңес алу және емделу үшін дәрігерге

көрінгеніңіз жөн, – дейді Бақытжан Сембекова.

Жалпы, ауа райының өзгеруі, маусымдық аллергиялар және вирустық инфекциялардың соңы астмаға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, күзде ауа райы мен атмосфералық қысымның өзгеруі артритпен ауыратын науқастардың санын арттырады. Тағы бір айта кетері, күзде көп адам депрессиядан зардап шегеді. Мамандардың айтуынша, бұл күн сәулесінің төмендеуіне және күн режимінің өзгеруіне де байланысты.

Сондықтан күзде бұл аурулардың өршуіне жол бермеу үшін өз денсаулығыңызды бақылап, дұрыс тамақтанғаныңыз жөн. Бұған қоса, иммунитетіңізді нығайтып, белсенді өмір салтын ұстаныңыз.

Рая ЕСКЕНДІР.

ҚАН ТАПСЫРУ

ДОНОРҒА ТӨЛЕНЕР
ӨТЕМАҚЫ ӨСЕДІ

Суретті түсірген Самал Құсайынұлы.

Денсаулық сақтау министрлігі қан өткізетін донорларды ынталандыру мақсатында оларға төленетін өтемақы мөлшерін бірден бес есе арттыруды жоспарлауда.

Бұл туралы Ашық НҚА порталында жарияланған Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына өзгерістер енгізуді көздейтін құжат жобасында жазылған. Бүгіндері қан донорларына берілуі тиіс тегін тамақтың ақшалай баламасы ретінде төленетін өтемақы мөлшері айлық есептік көрсеткіштің 0,25 бөлігін (2023 жылы – 862,5 теңге) құрайды. Енді бұл көрсеткішті бес есеге, атап айтқанда, айлық есептік көрсеткіштің 1,25 мөлшеріне дейін арттыру жоспарланып отыр.

Сәйкесінше, бұйрық күшіне енгеннен кейін биылғы өтемақы сомасы 4312,5 теңгені құрайтын болады. Бұл – биылғы көрсеткіш. Төлем сомасы әр жылы айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне байланысты өзгеріп отырады. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес, Қазақ

станда қан донорларының белсенділігі өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Жыл сайын елімізде 1000 адамға шаққанда тек 13-14 адам ғана қан тапсырады. Ал АҚШ-та бұл көрсеткіш 60 адамды құраса, Еуропа елдерінде 40 шамасында.

«Донорларды қан тапсыруға ынталандырудың маңызды нысандарының бірі – ақшалай өтемақы. Қазақ тамақтану академиясының ұсынымдарына сай, донорлар қан тапсырған күні тамақ рационның алуы тиіс, оның азық-түлік жиынтығы, шамамен 4790 ккал алуға мүмкіндік береді. 2021 жылы азық-түлік бағасын зерделеу кезінде алынған деректер бойынша көрсетілген килокалория көлемі 4350 теңге (шамамен 1,26 АЕК) шығынмен қамтамасыз етіледі», делінген министрліктің түсіндірме жазбасында.

Алматыдағы Қан орталығында адам қарасының көбейгені байқалады. Бұл да болса, «жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайтынының» дәлеліндей. Құжат жобасын жария талқылау мерзімі – 15 қыркүйекке дейін.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

МЕЙІРІМДІЛІК –
АСЫЛ
ҚАСИЕТ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары атажұртына ат басын тіреп, бұл күнде Қазақстанның медицина саласының дамуына үлес қосып, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген дәрігерлердің бірі – медицина ғылымының докторы, профессор, академик Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ. Төменде ел өміріне белсене араласып жүрген қайраткер тұлғаның қазақ елінің алға дамуы үшін мейірімді қоғам құру жолындағы ой-пікірлерін ұсынып отырымыз.

– Адам денесінде магниттік жасушалар болады. Олар ішкі ағзада орналасқан. Сыртқы факторлардың әсерінен магниттік жасушалар бірде жиырылып бірде босап, өзгеріп отырады. Ал магниттік жасушалар екі түрге бөлінеді. Бірі мейірімді жасушалар, екіншісі ызалы жасушалар. Жасушалардың гормон бөлуі сырттан келетін ақпараттарға байланысты.

Қазақ «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Жақсы ақпараттан мейірімді жасушалардың белсенділігі артып, организмге пайдалы, жасартатын эндорфин, серотонин гормондары бөлінеді. Бұл гормондар қанды қуаттандырып, адамның жігері күшейіп, белсенділігі артады. Еңбекке құлшынып тұрады, денсаулығы мықты болады. Жастық қалпын ұзақ сақтайды. Ал жағымсыз ақпараттан ызалы жасушаның белсенділігі күшейеді. Ызалы жасуша организмге зиянды, улы гормондарды бөліп жібереді. Улы гормондар қанға түскен соң адам организмі әртүрлі рақ, инсульт, аққан сияқты ауруларға ұшырайды және тез қартайып кетеді. Жалпы, адам денсаулығы сана-сезім мен көңіл күймен тығыз байланысты... Бұл туралы «Денсаулығың – жеке меншігің» атты еңбегімде кеңінен жазылған, – деген Жасан Зекейұлы «Қазақстанның алға дамуының жаңа жолын аша алатын ізгілік – мейірімділік» деп есептейді.

Адам бойындағы шынайылық пен сүйіспеншіліктен туындайтын жүрек мейірімі жайында ағамыз былайша толғанады:

«Біз ежелден Алланың ақиқат жолы ислам дінін ұстанған халықпыз. Алла Тағала он сегіз мың ғаламдағы барлық жаратылысты бір-біріне тәуелді етіп, өзінің мейіріміне бөлей отырып жаратқан. Ата-бабаларымыз атамзаманнан бері менталитетімізде қалыптасқан, қанымызға сіңіп, рухани азығымызға айналған мейірімділік һәм қайырымдылық қатынасты ұстанды. Сөйтіп, ұлы даланың ұлағатты тұлғалары атанды. Олар бір-біріне мейірімділік танытып, алыс-беріс жасап, қысылғанға қолұшын созуды

дәстүрге айналдырған. Қаталдыққа ешқашан жол бермеген. Десек те, отаршылдық езгісіне түскен 300 жылда шовинистік империя біздің менталитетімізді өзгертіп, басыбайлы құл ету үшін сан түрлі айла-тәсіл қолданса да, рухымыздағы мейірімді өшіре алмады. Сондықтан атадан жалғасқан осы бір асыл қасиетіміз қанымызда тұрғанда, қоғамдық қатынасымызды мейірім жолына бұрған дұрыс. Оны жүзеге асыру ісін әуелі өз ортамыздағы бір-бірімізге деген мейірімділік сезімді күшейтуден, бір-бірімізді жақсы көруден бастағанымыз жөн. Соның ішінде әуелгі кезекте лауазым иелері – басылар өздері мейірімді болудан бастаса, құба-құп. Ағынды судың басынан тұнатыны сияқты әуелі шенеуніктердің өздері мейірім арқылы халыққа үлкен өнеге, үлгі бола алады.

Президентіміздің «Әділетті Қазақстан» құру тұжырымдамасы аясында лауазым иелерін халықпен санасуға шақыруы және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды тапсыруы мейірімге шақырудың бастамасы деп түсінуге әбден болады. Әлбетте, бұл бастама халықтың лауазым иелеріне деген сенімін арттырып, бұқара мен мемлекеттің арақатынасын нығайта түседі. Демек, халық сөзіне құлақ асатын үкімет осылай қалыптасады.

Менің түсінігімде, мейірімділік заңдылығы дегеніміз, адамдар арасындағы өзара құрмет пен сыйластық. Сондықтан адалдық пен мейірімді адами қарым-қатынастың басты бағдары етіп ұстансақ, қоғамда мамыражай тірлік пен берекелі ынтымақ орнайды. Өйткені, мейірімділік – асыл қасиет, үлкен құдірет. Қазақ елінің алға дамуының жаңа жолын аша алатын ізгілік те осы бір асыл қасиетке байланысты».

Дайындаған
Бақытқали
ДӘРМЕНОВ.





КӨГАЛДАНДЫРУ

АЛМАТЫДА КҮЗГІ АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ

20 қыркүйектен басталады

Мегполисте көгалдандыру мәселесіне айрықша ден қойылған. Сол себепті, ағаш егу, шаһарды жасылдандыру жұмыстары маңызды міндет болып есептеледі.

Маусымдық көгалдандыру жұмысына дайындық мәселесі жөніндегі кеңесте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевқа 2023 жылға 320 мың ағаш отырғызу жоспарланып, 22 мыңы көктемде отырғызылғаны, қалғаны 20 қыркүйектен бастап егілетіні баяндалды. Қазіргі уақытта көгалдандырушылар технология бойынша көшет отырғызылғанға дейін 5–10 күн желдетілуі керек шұңқыр қазып, топырақты дайындап жатыр.

Күзгі ағаш отырғызу науқаны қаланың барлық ауданын қамтиды. Атап айтсақ, Медеу ауданында 22 мың, Жетісу ауданында 16 мың, Түркісіб ауданында 28 мың, Наурызбай ауданында 10 мың, Алмалы, Әуезов және Бостандық аудандарында 5 мың, Алатау ауданында 207 мың ағаш егіледі. Алатау ауданындағы ауқымды көгалдандыруға индустриялық аймақтың және санитарлық аймақтың аумағы – ЖЭО-2 маңындағы қорғаныс аймағы, Қарасу алаңы, Мөңке би көшесінің оңтүстігіндегі аумақ, сонымен бірге магистральдық көшелер мен жаңа шағынаудандардың аула аумақтары бойындағы учаскелер кіреді.

ҚАНДАЙ АҒАШТАР ЕГІЛЕДІ?

Бас ботаникалық бақ пен ғылыми аграрлық университет мамандарының ұсынысымен көшелер бойына жалпақ жапырақты шегірінші, емен, үйеңкі, шаған, терек, ал саябақтар мен гүлзарларға – сәнағаш, қайың, акация, шырша және жеміс (алма, шие, алмұрт, өрік) ағаштары отырғызылады. Ағаштың бұл түрлері тығыз және саялы ағашқа айналып, ластанған ауа ағынын жақсы ұстайды. Негізінен аталық терек сатып алынады, бұл терек мамығының азаюына және тұрғындар арасында маусымдық аллергия деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Кеңес барысында қала басшысы өсімдіктерді механикалық (су таситын көліктермен суару) кезең-кезеңімен автоматты түрде суаруға көшуді қамтамасыз етуге ерекше назар аударуды тапсырды. Бұл бюджет қаражатын екі еседен астам үнемдейді. Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаевтың айтуынша, автоматты суару жүйесін орнату мердігер ұйымдармен қаланы көгалдандыру бойынша шарт жасасу кезіндегі міндетті пункт болып табылады. Сонымен қатар, 2023 жылы қабылданған



МАМАН ПІКІРІ



Талғат КЕРТЕШЕВ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры:

БАС ЖОСПАРДАН ТЫС
ЖӘНЕ РЕТСІЗ БОЛАТЫН

Жоспар бойынша қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде көптеген саябақ пен сквер бар, бірінші әр кесілген ағаштың орнына он көшеттен отырғызуды қолға ала отырып, апатты және ескі ағаштарды кесу мәселесі тұр. Ал өндірістік ғимарат пен көлік көп жүретін қаланың солтүстік-батыс бөлігінде, тиісінше, атмосфераны ластайтын зиянды заттар көп болғандықтан, жаңа жасыл желектерді көптеп отырғызу қажет.

Бас ботаникалық бақ пен ғылыми аграрлық университет мамандарының ұсынысымен көшелер бойына жалпақ жапырақты қарағаштар, емен, үйеңкі, күл, шаған, ал саябақтар мен гүлзарларға – сәнағаш, қайың, акация, шырша және жеміс (алма, шие, алмұрт, өрік) ағаштары егіледі. Ағаш өсімдіктерінің бұл түрлері тығыз және саялы ағашқа айналып, ластанған ауа ағынын жақсы ұстайды. Негізінен аталық терек сатып алынады, бұл терек мамығының азаюына және тұрғындар арасында маусымдық аллергия деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

жасыл желектерді күтіп-баптау және қорғау ережесінде 3 жылға дейін отырғызылған ағаштарға күтім жасауды қамтамасыз ету жеткізушілерге жүктелген.

Жасыл желектерді тиімді суару және көшеттердің өмір сүруін арттыру үшін биыл су жинағыштың құрылысы мен реконструкциялау басталды. Бүгінгі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстары 80%-ға аяқталды (29 ұңғыма салынды, тамшылатып суару жүйесімен 500 мыңнан астам ағаш қамтылды, суару жуу машиналарының цистерналарын толтыру үшін 9 қаз мойын құбыр орнатылды. «Халық Арена», «Қалқаман» скверінде, «Желтоқсан» сая-

бағында, ШААЖ, Тимирязев және Усиков көшелерінде су беру қамтамасыз етілді). Биыл жыл соңына дейін Медеу ауданындағы Омарова көшесінің бойында ұңғыманы бұрғылау мен қосымша 4 қаз мойын құбыр орнату аяқталады.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК
ТЕГІН БЕРІЛМЕК

Бүгінде Алматыда қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында апатты және әлсіреген ағаштарды кесу бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биыл санитарлық кесу жөніндегі іс-шаралар аясында әр кесілген

ағаштың орнына он көшеттен (170 мың көшет) отырғызу үшін 17 мыңға жуық ағашты кесу көзделген.

Аула аумақтарын көгалдандыруға қала тұрғындары да қатыса алады: «Жасыл аула» акциясы аясында тұрғындарға жайпақ жапырақты көшеттер тегін беріледі. Қазіргі маусымда осы мақсаттарға 3 мың көшет дайындалды. Өтінім 20 қыркүйектен бастап қабылданады. Қатысу үшін бастамашыл тұлғаның аты-жөні және байланыс деректері, ағаш отырғызатын жердің нақты мекенжайы, отырғызылатын орынның фотосуреттері, көшеттердің санын және олардың тұқымын көрсетіп, Jasy1.aula.almaty@gmail.com электрондық мекенжайға жіберу қажет.

Қалалық экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаевтың айтуынша, жасыл желектерді қорғаудың бұрынғы ережесіне сәйкес, 2021–2022 жылдары бір жасыл желекке 500-ден 6000 теңгеге дейін қаражат бөлінген. Бұл сомаға екі жыл ішінде жасыл желекті сатып алу, отырғызу және күту кіретін. Осы сомаға сатып алынған жасыл желектер тамырланып өсіп кетпеді, 30%-ы қурап қалды. Осыған байланысты қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен бір жасыл желекке арналған бюджет 16 мың теңгеге дейін көбейді. Бұл бағаға жасыл желекті сатып алу, отырғызу және сапалы күтімді қамтамасыз ету, 3 жыл бойы суару кіреді.

Жаңа ережеде көшеттердің сапасы, биіктігі кемінде 2,5–3 метр болуы керек, сонымен қатар, егілген ағаштарды жақсылап суару сынды талаптар қуяйды. Бұрын мұндай талаптар болған емес.

ҚАЛАДА 298 МЫҢ
КӨШЕТ ЕГІЛЕДІ

2022–2023 жылдардағы күзгі-көктемгі маусымда саябақтарда, скверлерде және Алматы көшелерінің бойында 973 мың көшет отырғызылды, олардың 50%-ы 29 ұңғыманы және жер астындағы су бұру жүйесін салу есебінен суарумен қамтамасыз етілді. Өсімдіктерді суару үшін қазіргі кезде арықтар арқылы өзен ағынын бағыттайтын ескі су жинағыш қалпына келтіріліп жатыр.

Дәстүрлі түрде көшеттер Алматы облысының тәлімбақтарынан сатып алынды. Бұрынғы тәлімбақтар қала қажеттілігінің 60%-ын ғана қамтамасыз ететінін ескеріп, биыл көшеттер климаттық жағдайы Алматы қаласына ұқсас Түркістан облысының тәлімбақтарынан сатып алынады. Болашақта Алматы облысының тәлімбақтарынан көшет тапшылығы жоспарлы жұмыс есебінен шешіледі. Бұл тәлімбақтардың жүктемесі мен өндірістік қуатын арттыруға, сонымен қатар, ауылдағы жұмыссыздық мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

КЕРЕК КЕҢЕС

Сұраңыз – жауап береміз!

1. Неліктен былтыр көшеттер топырағымен жатты? Бұған бюджет қаржысы жұмсалды ғой, оларды бірден отырғызуға мүмкіндік болмады ма?

– Технологияға сәйкес, көшеттерді отырғызуға арналған шұңқырлар отырғызуға дейін 5–10 күн бұрын желдетілуі керек. Мердігерлерге қатысты бұзушылықтар анықталған жағдайда айыппұлдар мен орнына ағаш егуді міндеттеу түрінде шаралар қабылданады.

2. Көшеттер неге күн суығанда отырғызылады?

– Көшеттерді тәлімбақтан қалалық ортаға көшіру жасыл желектердің шырын қозғалысы тоқтаған соң жүргізілуге тиіс. Бұл

биологиялық кезең суық мезгілге тура келеді.

3. Қала тұрғындары шын-шіркейдің көптігіне жиі шағымданып жатады. Алматыда зиянкестермен күресу үшін қандай шаралар қабылданып жатыр?

– Экология және қоршаған орта басқармасы ағаштардың тұрақты жағдайын жақсарту, сақтау және олардың әртүрлі зиянды организмдерге төзімділігін арттыру үшін биыл ішкіде жасыл желектерді биологиялық өңдеудің үшінші кезеңін өткізді. Жапырақ жейтін, соратын зиянкестер мен зең аурулары қоздырғыштарына қарсы 2,3 миллионнан астам ағаш өңделеді деп жоспарланған.

Зиянкестер мен аурулардың

биологиялық ерекшелігін ескеріп, өңдеу түнде және таңертең жүргізіледі. Монофаг зиянкестеріне мейлінше әсер ету үшін биыл бірінші кезеңде (вегетациялық кезеңнің басында) емен төрт рет және терек екі рет өңделген. Айта кетейік, бұрын өсімдіктерді биологиялық қорғау вегетациялық кезеңнің басында тек бір рет жүргізілді, бірақ мұндай өңдеу жиілігі монофаг зиянкестері үшін жеткіліксіз екенін көрсетті.

Биыл барлығы 4 кезеңдік биологиялық өңдеу жүргізу жоспарланған, қазір 3 кезең бітті. Соңғы биологиялық өңдеу 20 тамызда басталды, енді 20 қыркүйекте аяқталады.

Әзірлеген
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





ПОЛИЦИЯ

ЕРЕЖЕ –

МҮЛТІКСІЗ САҚТАЛУЫ ТИІС

Атыс қаруын заңсыз сақтау дерегінің алдын алу мақсатында полицейлер тұрғындардан тіркелмеген қару-жарақ, оқ-дәрі мен жарылғыш заттарды қайтарып алу бойынша акцияны тұрақты түрде жүргізеді. Тексеру кезінде полицейлер 1250 қару иесінің заң бұзғанын анықтады.



«Тұрғындардан заңсыз сақталған қаруды сатып алу бойынша іс-шара аясында аумақтық полиция бөлімшелеріне 34 бірлік тіркелмеген атыс қаруын, сондай-ақ винтовкаға арналған 60 патронды өз еркімен тапсырған азаматтардан 24 өтініш түсті. Тіркелмеген қару мен оқ-дәрілерді тапсырған азаматтарға төленген ақшалай төлемнің жалпы сомасы 2 млн 380 мың теңгені құрады. Бұл ретте заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрі мен жарылғыш заттарды өз еркімен беруге ниет білдірген азаматтар (егер іс-әрекетінде басқа құқықбұзушылық құрамы болмаса) қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылатынын айта кету керек», – деп қорытындылады Алматы қалалық Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Асхат Құлбаев.

Қылмыстың алдын алу, сондай-ақ тіркел-

ген қаруды қолданумен жасалған қылмыстардың алдын алу жұмыстарын Алматы қалалық Полиция департаментінің азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау бөлімі қатаң қадағалауда. Аталған бөлім азаматтық қару иелері, пайдаланушылары, қару қолданушылар мен қару-жарақтарды пайдалануды қадағалау мақсатында тексеру жүргізеді. Сондай-ақ, бұл бөлім қызметтік қару, соның ішінде арнайы жарғылық ережесі бар заңды тұлғалардың қару айналымы міндетін, ережесін сақтауды қадағалайды. Қаладағы азаматтық қарудың жеке иелеріне, қызметтік қаруы бар күзет ұйымдары мен мамандандырылған дүкендерге 30 мыңнан астам тексеру жүргізілді.

Осындай іс-шараны өткізу кезінде полиция қызметкерлері қаруды сақтау жағдайын, бекітілген қару-жарақ сейфінің болуын, күзет дабылының жұмыс істеп тұрғанын, қарудың өзінде бар-жоғын тексерді. Сондай-ақ, рұқсат құжатындағы нөмірлері көрсетілген қарудың мемлекеттік нөмірін тексеріп, оларды сақтау және тасымалдауын қадағалады. Сонымен қатар, қару иелерімен және пайдаланушылармен қаруды сақтау ережесін мұлткісіз сақтау, рұқсаттардың қолданылу мерзімдерін сақтау, сондай-ақ қару айналымы саласындағы құқықбұзушылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік жайын түсіндірді. Бұл туралы Алматы қалалық полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Асхат Құлбаев мәлімдеді.

Қабылданған шараларға қарамастан, кейбір азаматтар қару мен оқ-дәрілерді сақтау ережесін, оларды тіркеу және қайта тіркеу тәртібін бұзуға жол берген. Бүгінде полиция қызметкерлері 1250 қару иесінің, оның ішінде 20 заңды тұлғаның заңбұзушылығын анықтады. Заңбұзушылыққа жол бергені үшін осы қару иелері қолданыстағы заңнамаға сай, әкімшілік жауапқа тартылады. Құқықбұзушылық бойынша салынған, сондай-ақ бюджетке өндірілген әкімшілік айыппұл сомасы 29 миллион теңгеге жетті. Бір жыл ішінде бірнеше рет заңбұзушылыққа жол бергені үшін 4 жеке және 1 заңды тұлғаның қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсаты тәркіленіп, тоқтатылды.

А.ҚЫДЫР.

ДАБЫЛ!

ЖЕР СІЛКІНІСІ

кезіндегі іс-қимылдар бойынша ауқымды оқу-жаттығу өтті

Алматы қаласының тұрғындары мен қала қонақтары республикалық оқу-жаттығу аясында өткен жалпықалалық сейсмикалық жаттығуға белсене қатысты. Кезекті оқу-жаттығуға өзге білім ошақтарымен қатар, Алматы ауданындағы №147 гимназия оқушылары да белсене қатысып, өздерінің кез келген төтенше жағдайға дайын екендіктерін танытты.



– Әрине, «Апат айтып келмейді» дегендей, қандай жағдайға да дайын болған жөн. Сондықтан біз де ең алдымен оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сабырлық танытып, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды ескерттік. Әрбір сынып жетекшілері оқушыларға өткізіліп отырған іс-шара жөнінде кеңінен мәлімет беріп, дәлізде кептеліс тудырмауға шақырды. Баланың аты бала ғой, мұндай жағдайда олар сасқалақтап қалып жатады. Сондық-

тан оларға ағаштан, шатырдан қаиықтау қауіпсіз жерлерде тұру керектігін баса айттық. «Назар аударыңыз» сигналын естіген кезде ғимараттан шығып, ашық алаңқай жерге жиналдық, – дейді гимназия басшысы Роза Әшімбаева.

Іс-қимылдарын әзірлеу және үйлестіру жөніндегі республикалық штаб Алматы қаласында орналасқандықтан, аталмыш іс-шара екі күнге созылды.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ



БИОҚАУІПСІЗДІК

оған бей-жай қарауға болмайды

Алматыда «Биотехнология және биологиялық қауіпсіздік: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Айнабай
МӘДІ

Таяуда қаламызда «Биотехнология және биологиялық қауіпсіздік: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын. Атының өзі аңдатып тұрғандай, әлемдік мәнді бұл жиын шаһарымызда орналасқан ғылым мен технологияның жетістігін заманға бейімдеп, өндіріске шығаратын Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 65 жыл толуына арналған болатын. Алпыс жылдан астам уақыт ішінде елімізді айтпағанда, алыс-жақын шетелдерге танылған бұл ғылыми орталық адам мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы аурулары қоздырғыштарының іргелі проблемалармен, қолданбалы зерттеу арқылы осы заманғы ғылыми әдістемені пайдаланып, диагностикалық, профилактикалық, инфекцияға қарсы препараттарды талдаумен айналысып келеді.

Конференцияға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Түркия, АҚШ, Франция, Сингапур елдерінің 60-тан аса ғылыми мекеме мен жоғары оқу орны орталықтарынан екі жүзден астам ғалым, мамандар қатысты. Мәміле алаңының мақсаты – биологиялық қауіпсіздік және биотехнология саласындағы өзекті мәселелерді талқылау және талдау, ғылыми және өндірістік қауымдастықтарды осы саладағы жаңа ғылыми жетістіктермен ақпараттандыру. Алқалы ауқымды басқосуда ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының президенті, биология ғылымының докторы, профессор Күнсұлу Закария құттықтау сөз сөйлеп, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының әлемде танымал және ірі орталық екеніне маңыз аударды. Институт ұйымдастырылғалы бері медицинадағы, ветеринариядағы, ауыл шаруашылығындағы биологиялық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін зерттеу, шешуде ауқымды шаруа атқарылуда.

COVID-19 пандемиясы кезінде биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бүкіл әлемде өте өзекті мәселеге айналғаны рас. Бұл жаһандық қауіп жұқпалы аурулардың диагностикасы мен алдын алудағы зерттеу, инновация мен сараптаманың маңызын көрсетіп берді. Пандемияның қиын-қыстау кезеңінде Мемлекет басшысының корона-вирустық инфекцияға қарсы вакцина жасау жөніндегі маңызды тапсырмасын осы институт қана сәтімен іске асырған болатын. Рекордтық уақыт ішінде ғалымдар вакцина-ның бес түрін жасап шығарғаны есте. Соның арқасында Қазақстан COVID-19-ға қарсы жеке дәрі-дәрмек жасап шығарған әлемдегі

МАМАН ПІКІРІ

– Осы жылдар ішінде отандық ғалымдар аса қауіпті инфекцияларға қарсы 70-тен астам вакцина түрін жасап шығарды. Институт қызметкерлері ғылыми идеяларды қалыптастырып, ғылыми деңгейдегі өндірісті құрды. Бұл – еліміздің биологиялық қауіпсіздік мәселелерін дербес шешуге қабілетті толыққанды ғылыми-өндірістік кластер. Ғылыми зерттеу мен жетістігіміздің деңгейі елімізде ғана емес, шетелде де мәлім, – деген академия перзентімі К.Закарияның мәлімдемесінен бұл орталықтың әлемдік деңгейде ғылымды өндіріспен ұштастырып отырғанын байқадық.

алтыншы мемлекет атанды. Бұл қазақ ғылымының үлкен жетістігі екені даусыз.

Сондай-ақ, ел Президентінің ғылымды дамытуға, атап айтқанда, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарына, оның кадрлық әлеуетін нығайту мен ғылымның салалық әлеуметтік мәселелерін шешуге ерекше көңіл бөлетіні айтылды. Осылайша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Биология және биология ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері үшін 180 пәтерлік үш тұрғын үй, сол тәрізді жеке дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Басқа да әлеуметтік мәселелер шешілуде. Әлеуметтік өзекті мәселелер сөз жүзінде қалмай, «айтылды-жасалды» қағидатымен іске асып келеді.

Конференция кезінде отандық және шетелдік ғалымдар ғылымдағы өте өзекті мәселелер жөнінде ой-пікірлерімен бөлісті. Халықаралық жиынға қатысушылар секциялар бойынша 50-дей ғылыми баяндаманы: «Инфекциялық патогендерді зерделеудің іргелі аспектілері», «Профилактикалық, диагностикалық және инфекцияға қарсы препараттар», «Биоқауіпсіздік және био-этика», «Фитоқауіпсіздік, селекция және өсімдік қорғау», т.б. тыңдады. Конференция аясында жас ғалымдардың үздік ғылыми жұмысына байқау өткізілгенін де атап өткен ләзім.



САЛЫҚ

КӨЛІК САЛЫҒЫ
ЖОЙЫЛУЫ МҮМКІН

Елімізде көлік салығы бензиннің акциз құнына қосу арқылы жойылуы мүмкін. Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әміріннің айтуынша, бұл мәселе бүгін жаңа Салық кодексын қарау аясында қарастырылуда.

Көлік салығын бензиннің акциз құнына ауыстыру мүмкіндігі талқылануда. Мұны мұқият саралау қажет тәрізді. Мұндай қадамда қозғалтқышы үлкен көлік құралының иелеріне жүктеме азайып, керісінше шағын көлемді көлік иелері үшін көбейеді. Осыған байланысты басқа да нұсқалар талқыланбақ.

«Қозғалтқыш көлемі 3,5-4 литрге дейінгі автокөлікке көлік салығын алып тастау талқыға салынды. Қазір қосымша есептеу жүргізілуде. Біз шамамен 80 млрд теңге көлік салығын, мөлшермен 5 млн тонна мұнай өнімін жинаймыз. Егер біреуін екіншісіне бөлсек, көлік салығын бензин акцизіне көшірсек, бұл салықты алу үшін акциз 14 теңгеге қымбаттауы керек», – деді вице-министр А.Әмірін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

Соттың тіркеу сатысында

Тергеушілер «Содыр Арман» лақап атымен танымал Арман Жұмагелдиев пен кәсіпкер Қайрат Құдайбергеннің ісін сотқа жіберді.

Қалалық соттың мәліметінше, айыпталушылар 2022 жылдың басында Алматыда болған Қаңтар оқиғасы кезінде жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырып, оған қатысты деген күдікке ілінді. Олардан басқа тағы 40 адамның үстінен соталды тергеу жүргізілген. Сот ісін судья Асхат Әшірбеков жүргізеді. «Іс сотқа түсті, тіркеу сатысында тұр. Қарау күні белгіленбеді», деп хабарлады Алматы қалалық сотының баспасөз қызметі.

ІІМ мәліметінше, Арман Жұмагелдиев 2021 жылы желтоқсанда шетелден келіп, Қаңтар оқиғасы кезінде Алматыда болған. Ол 2022 жылы бес адамнан тұратын қылмыстық топпен бірге Алматыда арнайы операция барысында ұсталды. Ұсталған кезде күдіктілерден әртүрлі маркалы және калибрлі төрт жартылай автомат тапанша, оқ-дәрілер, суық қару мен брондалған көлік тәркіленді.

Алматы мәслихатының VII шақырылымының депутаты Қайрат Құдайберген былтыр 22 сәуірде Қаңтар оқиғасы туралы іс бойынша ұсталып, қамауда болды. Құдайберген жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырып, өзі де қатысты деген күдікке ілінді. Соталды тергеу барысында ол Жұмагелдиевпен бірге Алматыдағы «Қазақстан» қонақүйінде адамдарды жинауды ұйымдастырғаны анықталды.

Тергеу мәліметтері бойынша, Қайрат Құдайберген адамдарды «Содыр Арманға» бірігіп, қолдап, бірге билікке бірыңғай талап қоюға шақырған. Сонымен қатар, адамдарды 10 адамнан топқа бөліп, белгі ретінде білектеріне ақ таңғыш байлауға нұсқау берген.

А.ҚЫДЫР.

Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Этномәдени бірлестігі асыл азамат, «Ахыска» республикалық түрік этномәдени орталығының төрағасы

Шахисмал Ахметұлы АСИЕВТІҢ

орны толмас ауыр қазаға ұшырауына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Мәңгі ұмытпаймыз!

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі еңбек майданына қатысушы, ардагерлер қозғалысының белсендісі

Роза Имашқызы КУНИРОВАНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Алмалы ауданы әкімінің аппараты және Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі аудандық қоғамдық комиссияның төрағасы, тыл ардагері, Құрмет орденінің иегері

Роза Имашқызы КУНИРОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты балалары мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесі тыл ардагері, Құрмет орденінің иегері

Роза Имашқызы КУНИРОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты балалары мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұскасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz. қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел.: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет **сейсенбі, бейсенбі, сенбі**
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ТЕКЕ СҮМБІЛЕ» ТӨБЕ КӨРСЕТТИ

Ауа райы енді жайсыздана бастайды

Қазекен қандай болжам жасаса да ой елегінен өткізбей, тәжірибеге сүйенбей, әбден көзін жеткізбей айтпайды. Таразы туғанын жазғанбыз. Енді оның амалы «Теке сүмбіле» басталады. Текенің мінезі де бірқалыпты емес қой. Қыркүйектің 25-іне дейін жалғасатын жаздың соңғы амалы. Бұрынғылар күзді бастап тұрған қыркүйекті жылауық ай дейді. Өте тұрақсыз ай. Бір күн шуағын шашып, бір күн қара бұлт еңсені басып тұрады...



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазақы пайымның айтуынша, осы мезгілде қозыны енесінен айырады. Қозы күзем болады. Өзен суына қозы тоғытады. Малшылар жайлаудан түсуге кіріседі. Бидай, жүгері піседі, егіншілер астық орады. Күн мен түн теңеліп, қатты ыстық қайтып, ауа райы бірқалыпқа түсе бастайды. Шөптің өсуі тоқтайды. Пішен шабу қолға алынады. Жаздың соңы болғандықтан, күздің салқыны сезіледі.

Айдың орны өзгеріп, жер мен күннің қарсы жағына өтеді. Оның жер шарына қараған бетіне күн нұры түсіп, ай сүттей жарық болып көрінеді. Соның әсерінен осы мезгілде түн жарық болады. Қазекен бұл мезгілді «Толған ай» дейді. Ол қазақ күнтізбесі бойынша айдың 15-16-сына тура келеді. Айдың 15 күні жарық, 15 күні қараңғы деген сөз, міне, осыдан келіп шыққан. Қолданыстағы күнтізбе бойынша, қыркүйектің 20-21-іне ай толады.

Жаңа ай мен ескі ай арасын, яғни екі айдың өзара ауысу аралығын «Өліара» дейді. Өліара кезінде ауа райы құбылмалы, жауын-шашын көп болады. Қазақ халқы айдың өліарасы мен жаңа айдың тууына өте мән берген. Алғаш ай орақтанып көрінген күні айға қарап: «Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке!»

деп тілек тілеп, бетін сипаған. Бұл ежелден келе жатқан салтымыз.

Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжік, парсы, пуштун (Ауғанстан) күнтізбелерінде Сүмбіле жұлдызы 31 күндік зодиак айы саналады. Ол тамыздың 29 жұлдызынан қыркүйектің 28 жұлдызына дейін созылатын ең үлкен амал. Сүмбіле (Сириус) – аспанның Оңтүстік жарты шарында орналасқан ең жарық жұлдыз. Оның жалтырауы 1,46 жұлдыздық шамаға тең. Сүмбіленің Күннен қашықтығы 2,7 парсек. Сүмбіле диаметрі жағынан Күннен екі есе үлкен, жарқырауы Күн жарқырауынан 22 есе артық.

Қазақ халқы сүмбіленің алғашқы жартысын «Лақ Сүмбіле», екінші жартысын «Теке Сүмбіле» деп атайды. Қазір соңғысы басталады. Атауының өзі аңғартып тұрғандай, ауа райы енді жайсыздана бастайды. Текенің мінезі де бірқалыпты емес қой. Енді бірер күнде көкті қайта бұлт торлап, жаңбыр жаууы мүмкін. Ары қарай қайта жылымық басталады. Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қыркүйектің 14-і. Ай жүйесіне сүйенсек, осы айдың 28-і. Қазақша әлі қыркүйектің 1-і. Апта айдың басын, ортасын және сонын түгел қамтып тұр. Қайсыбір жылдары қыркүйекте қаздардың оңтүстігіне қайта бастағанын көргенбіз. Өзір ондай қозғалыс білінбейді. Күз ұзаққа созылатын сыңайлы.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КҮЗДЕ:

- * Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- * Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады.
- * Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн қатты суытады.
- * Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғары жасайды.
- * Аққу солтүстіктен оңтүстікке қарай кеш қайтса, күз әрі ұзақ, әрі жайлы болмақ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

САЯХАТ ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ

Өмірде бір сәт өзіңізге көңіл бөліп, көңілді серпілтіп тұру керек. Мұны армандағанмен жүзеге асыруға келгенде, істі кенжелетеміз. Әйтпесе, өзіңе-өзің демалыс беріп, сырт жақты кезгенге не жетсін!



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

«Сабақты ине сәтімен»

Былай қарап отырсаңыз, 11 ай үзіліссіз жұмыс істейді екенбіз. Кейде күндіз-түні тыным таппай кететін кез болады. Тексеріс, есеп-қисап беретін уақытта шапқылап кетеміз. Ойымыз – бәрін бірден тындыру. Жалпы кез келген шаруаны өз уақытында

атқара алмай жатамыз. Сондықтан баршасы қарбаласып кетеді. Тығырыққа тірелгенде барлығын бір мезетте атқарып, тағат таппай жүреміз. Сол себепті де, мүмкін болғанша әр істі орын-орнымен атқарған абзал.

Жұмыс пен үйдің арасында жүріп өзімізді ұмытып жатамыз. Баяғыда үлкендер «өл деген өкімет жоқ» дейтін. Кей-кейде соның кері қылаң беріп тұрады. Әйтеуір өзімізге демалыс арнамаймыз. Отбасы – ошақ қасы, ағайын-туысты ойлаймыз да жүреміз. Редакциядағы жанашыр ағамыз «бәрі өз орнымен келеді, уайымдама» деп демеп қояды. Сөзінің астары өзінді ұмытпа, денсаулығыңды, жас кезде жүйкенді сақта дегені шығар. Хош, сөйтіп жүріп қарбаласамыз. Негізі «сабақты ине сәтімен» екенін естен шығармаған жөн-ау.

Арман жүзеге асырылған болуы керек

Бірде университет қабырғасында жүргенде өз арманымызды жаздық. Ұстазымыз – Қазақстанның құрметті журналисі Қуандық Оразбекұлы. Сонымен не керек, бәріміз жапатармағай жаза

бастадық. Жазғандарымызды оқитын шақ та келді. Біреу осы оқуды біткен соң режиссер, ендігісі мұғалім, келесі студент продюсер болуды көксейді екен. Осылайша кезек маған келді. Алматыға барып, ғылыми дәреже қорғап, кәдуілгі тілші атанып, өсіп-өркендеу турасында бірқатар ойлар жазып едім. Ең сүйекті тұсы «әр еңбек демалысындағы қаржының бір бөлігіне баспак немесе қашар аламын, сөйтіп бірнеше жыл қаржыны жинаймын, сосын әлемді аралаймын» деп сөйлемді түйіндедім. Оқытушымызға оқып

бердім. Бәрін тыңдап болып қорытынды айтты. Сонда Қуандық ағай «арман жүзеге асырылған болуы керек, кезінде сіздің армандарыңызды біз жүзеге асырғанбыз» деген болатын. Ал бұл детальдарды журналистикада бірге оқитын жоғары курс студенттерінен естіп едім. Идея авторы нақ сол – Қуандық ағай еді. Бәлкім, сонысымен де жаққан болар. Кім білсін?! Қазақта «Ұстазы жақсының ұстаы жақсы» дейтін аталы сөз бар. Текке айтылмаса керек-ті.

Студенттік кездегі армандарды орындап жатқандар аз емес. Бірақ қыздар жағы тұрмыстың жайымен кетті. Мүмкін тағдыр шығар. Кейбірі кәсіптен нәсіп тауып жүр. Біз де өз жолымызбен жүріп келеміз. Бәріне – сәттілік, бақыт, шаттық серік болғай.

ТҮЙІН:

Өмірде бір байқағанымыз, сыпайы, әдепті, жұртқа мейірбан болсаңыз, озады екенсіз. Соған күн өткен сайын көз жетіп келеді. Біз ойлаған мақсат-мұраттарға қол жеткізуге болады. Ең негізгісі, саяхаттай біліңіз. Шама келсе, шетелді аралаңыз. Өйткені, саяхат адамға қажетті дәруменді береді. Мұның сырын дүниені кезгендер жақсы біледі. Бәрібір қаржыны қысып ұстағанмен, болмашыға жұмсалады. Дүниеде қандай ахуал болса да, тым құрығанда Түркістан, Көкшетау, Көлсай, Қайыңды, Бозжыра сияқты тарихи-мәдени, демалыс орындарына барып тұру қажет-ақ. Саяхат жан жадырататынын ұмытпайық.

